ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 8 ақпан №44 Астана қаласы

«Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген шетелдегі тілдік курстар ұзақтығының кестесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында ағылшын тілі курстары ұзақтығының кестесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асыловаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы №44 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына 1-қосымша

«Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің, сондай-ақ пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі

«Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

Тест блоктары	Тест тапсырмаларының жалпы саны	Жеткілікті болып табылатын дұрыс жауаптардың саны	Пайыздық ара қатынас
Тыңдалым	150	75	50%
Лексика-грамматикалық тест			
Оқылым			

Ескерту: мемлекеттік тіл бойынша емтиханды (КАЗТЕСТ) А2 және одан жоғары деңгеймен тапсырғаны туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық тестілеу орталығы» РМК берген ресми сертификатты ұсынған тұлғалар мемлекеттік тілді білу деңгейін анықтау бойынша тестілеуден босатылады.

«Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін шет тілін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

№	Болжалды оқу елі	Санаттар	Оқу тілі	Бірінші межелік деңгей	Мамандық бағыты*	Екінші межелік деңгей	үшінші межелік деңгей	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Аустралия	Тағылымдама	Ағылшын	–	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен		IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60		
		Жалпы конкурс		–			IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79	
2	Аустрия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Неміс	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Германия Федеративтік Республикасында академиялық бағдарламалар бойынша оқуға үміткерлер YKI комиссиясымен әңгімелесуге жіберіледі. Кейбір ЖОО-дағы «магистратура» бағдарламасына түскенде GMAT емтиханын тапсыру керек (мамандыққа байланысты)
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Goethe-Zertifikat A2 DAAD 10-нан 7.0 OnSet A2	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Goethe-Zertifikat A2 DAAD 10- нан 7.0 OnSet A2		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Goethe-Zertifikat C1 Test-DaF 4; DSH 2	
3	Бельгия Королдігі, Бразилия Федеративтік Республикасы, Ұлыбритания, Дания Королдігі, Үндістан Республикасы, Ирландия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Макао, Мексика Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Сингапур Республикасы, Тайвань, Чили Республикасы, Швеция Королдігі, Эстония Республикасы, Оңтүстік Африка Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын	–	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Дания Королдігі, Бельгия Королдігі, Латвия Республикасы «Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен» санаты бойынша ғана
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен		IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79	
4	Италия Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Итальян	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Итальян тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға CILS, CELI сертификаттары болғанда ғана жіберіледі.
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 CILS A2/CELI 1	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 CILS Tre-C1/CELI 4	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 CILS A2/CELI 1		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 CILS Tre-C1/CELI 4	
5	Канада, Америка Құрама Штаттары	Тағылымдама	Ағылшын	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	«Магистратура», «докторантура» бағдарламаларына түскенде GRE, GMAT емтихандарын тапсыру керек (мамандыққа және бағдарламаға байланысты). Жарамды IELTS сертификаты болмаған жағдайда, үміткерлер конкурстық іріктеудің II туры шеңберінде шет тілін меңгеру деңгейін анықтау үшін TOEFL ITP тестін тапсырады.
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60	IELTS: 9.0-ден 7.0 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79	
6	Қытай Халық Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Қытай	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Қытай тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға HSK сертификаты болғанда ғана жіберіледі. «Резидентура» бағдарламасы бойынша оқу қытай тілінде ғана жүзеге асырылады
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 HSK 6-ншыдан 3-деңгейі	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 HSK 6-ншыдан 3-деңгейі	HSK 6-ншыдан 6-деңгейі	
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5)TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 HSK 6-ншыдан 5-деңгейі	
7	Нидерланд Королдігі***	Тағылымдама	Ағылшын /Голланд	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Голланд тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға PTIT, PAT сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. «Магистратура» бағдарламасына түскенде GRE, GMAT емтиханын тапсыру керек (мамандыққа байланысты).
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 PTIT (A2)	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 PAT (C1)	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 PTIT (A2)		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 PAT (C1)	
8	Норвегия Королдігі***	Тағылымдама	Ағылшын /Норвег	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Норвег тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Norskprøve, Bergentest сертификаттары болғанда ғана жіберіледі.
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Norskprøve 2 (A2)	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 Bergentest (C1)	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Norskprøve 2 (A2)		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Bergentest (C1)	
9	Ресей Федерациясы	Инженерлік-техникалық қызметкер Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері	Орыс	–	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	Пәндік емтихандар	
10	Финляндия Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Фин	ШУДЕЫЖ 9ю0-ден 5ю0 ЕОУАДЖ ШЕЗ**.ЗИЕ 677-ден 417б IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Фин тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға YKI сертификаты болғанда ғана жіберіледі.
		Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 YKI 3 (B1)	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 YKI 5 (C1)	
11	Француз Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Француз	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 200 DELF A2	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 TCF 500 DALF C1	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 200 DELF A2		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 TCF 500 DALF C1	
12	Швейцария Конфедерациясы ***	Тағылымдама	Ағылшын /Француз /Неміс	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Француз тілі бойынша тілдік курстардан өту Француз Республикасында жүзеге асырылады
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 200 DELF A2 Goethe-Zertifikat A2 SD2: Start Deutsch 2 DAAD 10-нан 7.0 OnSet A2	IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 100 TCF 500 DALF C1 Goethe-Zertifikat C1; Test-DaF 4; DSH 2	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TCF 200 DELF A2 Goethe-Zertifikat A2 SD2: Start Deutsch 2 DAAD 10-нан 7.0 OnSet A2		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0 және writing кемінде 6.5) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Goethe-Zertifikat C1; Test-DaF 4; DSH 2	
13	Корей Республикасы***	Тағылымдама	Ағылшын /Корей	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Корей тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Test of Proficiency in Korean (TOPIK) сертификаты болғанда ғана жіберіледі
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TOPIK (level 2)	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 TOPIK (level 5)	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 TOPIK (level 2)		
		Жалпы конкурс		–		–	IELTS: 9.0-ден 6.5 (әр блок бойынша кемінде 6.0) TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 TOPIK (level 4)	
14	Жапония***	Тағылымдама	Ағылшын /Жапон	IELTS: 9.0-ден 5.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 417, IBT 120-дан 35	Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық	–	–	Жапон тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Nouryekushiken сертификаты болғанда ғана жіберіледі
		Инженерлік-техникалық қызметкер Докторантурада/резидентурада өз бетімен түскен				IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Nouryekushiken 3-деңгейі	IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79 Nouryekushiken 1-деңгейі	
		Мемлекеттік қызметші Ғылыми-педагог қызметкер Мәдениет қызметкері, шығармашыл қызметкер БАҚ редакциясы қызметкері		IELTS: 9.0-ден 5.5 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 457, IBT 120-дан 46		IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: ITP**/PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60 Nouryekushiken 3-деңгейі		
		Жалпы конкурс		–		–		

Ескерту: Шет тіл бойынша емтиханды ресми сертификатты ұсынған тұлғалар шет тілді білу деңгейін анықтау бойынша тестілеуден босатылады.

* Техникалық бағыт – «Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарғасына сәйкес Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссиясы жыл сайын бекітетін «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін Басым мамандықтар тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) мына бөлімдеріндегі мамандықтар: Техникалық ғылымдар мен технологиялар; Жаратылыстану ғылымдары; Ауыл шаруашылығы ғылымдары.

Гуманитарлық бағыт –Тізбесінің мына бөлімдеріндегі мамандықтар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және басқару; Гуманитарлық ғылымдар; Өнер

Медициналық бағыт – Тізбесінің мына бөлімдеріндегі мамандықтар:

Денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар.

**Бұл санаттың сертификаттары «Болашақ» халықаралық стипендиясына конкурс шеңберінде тестілеуден өту нәтижесінде алынған жағдайда қабылданады.

***Көрстетілген елдер үшін ағылшын тілі бойынша тілдік курстардан өту Ұлыбританиядағы тілдік мектептерде жүзеге асырылады.

Бірінші сатылық деңгей – Қазақстан Республикасының аумағындағы тілдік курстарға жіберу үшін.

Екінші сатылық деңгей – шетелдегі тілдік курстарға жіберу үшін.

Үшінші сатылық деңгей – академиялық оқуға жіберу үшін.

Қазақстан Республикасының аумағындағы мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын тілдік курстар аяқталғаннан кейін шетелдегі тілдік курстарға жіберу үшін CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттарына сәйкес ағылшын тілін В2 деңгейінде білу деңгейін анықтауға арналған бақылау тестін тапсыру мүмкін.

Емтихандардың атаулары бойынша ақпарат:

IELTS (International English Language Testing System – Интернэйшэнал Инглиш Лэнгуич Тестинг Систэм) – ағылшын тілін білуді тестілеудің халықаралық жүйесі;

TCF (Test de connaissance du français - Тест де конэсонс дью фронсэ) – француз тілін білу тесті;

DELF (Diplome d'Etudes en Langue Francaise – Дипломэ тьюд он Лонг Фронсэз) – француз тілін білуі туралы диплом;

DALF (Diplome Approfondi de Langue Francaise – Дипломэ Апрофонди ду Лонг Фронсез) – француз тілін терең білуі туралы диплом;

HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi - Ханьюй Шуйпин Каоши) – шетелдіктерді, қытай эмигранттарды және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған ҚХР мемлекеттік емтиханы;

Nouryekushiken (Норёкущикэн) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

TOPIK (Test of Proficiency in Korean – Тест оф Профишэнси ин Кориан) – корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

GRE (Graduate Record Examination – Градыюэйт Рекорд Экзаминэйшн) – нақты мамандық бойынша негізгі білімін тестілеу;

GMAT (General Management Admission Test – Дженерал Мэнэджмент Адмишэн Тест) – менеджмент саласындағы білім деңгейі мен біліктілігін анықтаудың электрондық тесті;

DELE (Diplomas de Español como Lengua Extranjera – Дипломас дэ Эспаньол комо Лингуа Икстранхера) – шет тілі ретінде испан тілін білу сертификаты;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera – Цертификацион ди Итальяно комэ Лингуа Страниера) – шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін растаушы сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana – Цертификатос ди Коноошэнза делльа Лингуа Итальяна) – шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

Norskprøve, Bergentest (Нуржкпрэва, Баргентест) – шет тілі ретінде норвег тілін білу сертификаты;

PTIT (Profile Tourist and Informal Language Proficiency – Профайл Турист энд Информал Лэнгуич Профишэнси) – шет тілі ретінде голланд тілін білу сертификаты;

PAT (Profile academic and professional language proficiency - Профайл Академик энд Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – академиялық голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache – Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) – Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтиханды әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсыруға болады;

Goethe-Zertifikat (Гёте Цертификат) – Неміс тілін білуін растау үшін қажетті Гёте-Институтының сертификаты. Гёте-институтында сертификат алу үшін емтиханды Гёте-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсыруға болады;

OnSet (ОнСэт) – неміс тілі деңгейін анықтауға арналған тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang – Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшульцуганг) – DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оф Инглиш ас э Форейн Лэнгуич) – шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді;

ITP (Institutional Testing Program - Институйшэнал Тестинг Программ) – үміткерлердің тілдік дайындығын алдын ала анықтауға арналған бейресми тест;

PBT (Paper-based test – Пэйпер-бэйзд тест) – қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

IBT(Internet-based test – Интернет-бейзд тест) – Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

CEFR (Common European Framework of Reference for Languages – Камон Европиан Фрэмворк оф Рэфэрэнс фор Лэнгуэджэс) - Шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттар.

YKI (Yleiset Kielitutkinnot – Уляиссэт Киелитуткиннот) – фин тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst – Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст) – неміс академиялық алмасу қызметі;

PMT (Profile societal language proficiency – Профайл Сосайэтал Лэнгуич Профишэнси) – ауызекі голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

PPT (Profile professional language proficiency - Профайл Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – кәсіби голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан.

«Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындауға үміткерлер үшін пәндік емтихандардың қажетті ең төменгі деңгейі

Емтихан атауы	Бастапқы балл
Орыс тілі	«Жақсы» бағасынан кем емес

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы №44 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндеттерін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына 8-қосымша

Тілдік курстар ұзақтығының кестесі

№	Тілдік курстардан өту елі	Мамандық бағыты	Бағдарлама	Тіл	Тілді білу деңгейі	Тілдік курстардан өту мерзімі	
						Қазақстан Республикасында*	шетелде**
1.	Аустралия, Ұлыбритания, Ирландия, Канада, Америка Құрама Штаттары	Техникалық Медициналық Гуманитарлық	Магистратура Докторантура Резидентура	Ағылшын	***IELTS 5.0; TOEFL ITP/PBT 417-456; TOEFL IBT 35-45	6 ай	6 ай
					IELTS 5.5; TOEFL ITP/PBT 457-499; TOEFL IBT 46-59	3 ай	6 ай
					IELTS 6.0; TOEFL ITP/PBT 500-549; TOEFL IBT 60-78	-	6 ай
					****IELTS 6.5; TOEFL ITP/PBT 550-599; TOEFL IBT 79-99	-	3 ай
2.	Аустрия Республикасы, Германия Федеративтік Республикасы, Швейцария Конфедерация	Техникалық Медициналық Гуманитарлық	Магистратура Докторантура Резидентура	Неміс	Goethe-Zertifikat A2 SD2: Start Deutsch 2 OnSet A2 DAAD 7.0 из 10	-	12 ай
					Goethe-Zertifikat B1 OnSet B1	-	9 ай
					Goethe-Zertifikat B2 OnSet B2	-	6 ай
3.	Италия Республикасы	Техникалық Медициналық Гуманитарлық	Магистратура Докторантура Резидентура	Итальян	CILS A2/CELI 1	-	12 ай
					CILS B1/CELI 2	-	9 ай
					CILS B2/CELI 3	-	6 ай
4.	Қытай Халық Республикасы	Техникалық Медициналық Гуманитарлық	Магистратура Резидентура Докторантура	Қытай	HSK 3 HSK 6-дан	-	12 ай
					HSK 4 HSK 6-дан	-	9 ай
					HSK 5 HSK 6-дан		6 ай
5.	Нидерланд Королдігі	Техникалық Медициналық Гуманитарлық	Магистратура Доктор

(Соңы. Басы 17-бетте)

және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған ҚХР мемлекеттік емтиханы;

Nouryekushiken (Норёкущикэн) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

TOPIK (Test of Proficiency in Korean – Тест оф Профишэнси ин Кориан) – корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera – Цертификационе ди Итальяно комэ Лингуа Страниера) – шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін растаушы сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana – Цертификатос ди Коношэнза делльа Лингуа Итальяна) – шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

Norskprøve, Bergentest (Нуржкпрэва, Баргентест) – шет тілі ретінде норвег тілін білу сертификаты;

PTIT (Profile Tourist and Informal Language Proficiency – Профайл Турист энд Информал Лэнгуич Профишэнси) – шет тілі ретінде голланд тілін білу сертификаты;

PAT (Profile academic and professional language proficiency - Профайл Акадэмик энд Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – академиялық голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache – Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) – Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтиханды әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсыруға болады;

Goethe-Zertifikat (Гёте Цертификат) – Неміс тілін білуін растау үшін қажетті Гёте-Институтынің сертификаты. Гёте-институтында сертификат алу үшін емтиханды Гёте-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсыруға болады;

OnSet (ОнСэт) – неміс тілі деңгейін анықтауға арналған тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang – Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшульцуганг) – DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оф Инглиш ас э Форейн Лэнгуич) – шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді;

ITP (Institutional Testing Program - Институшэнал Тестинг Программ) – ұжымдық деңгейде тілдік дайындығын алдын ала анықтауға арналған бейресми тест;

PBT (Paper-based test – Пэйпер-бэйзд тест) – қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

IBT(Internet-based test – Интернет-бейзд тест) – Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

YKI (Yleiset Kielitutkinnot – Улияссэт Киелитуткиннот) – фин тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst – Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст) – неміс академиялық алмасу қызметі;

PMT (Profile societal language proficiency – Профайл Сосайэтал Лэнгуич Профишэнси) – ауызекі голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

PPT (Profile professional language proficiency - Профайл Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) – кәсіби голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 26 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16424 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 22 ақпан №69 Астана қаласы

«Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 528 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Білім және ғылым саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы № 528 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу тізілімінде № 12066 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 қазанда «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенті осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (Т.И. Ешенқұлов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты ресми жарияланған кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті терағасының міндетін атқарушы Т.И. Ешенқұловқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 22 ақпандағы №69 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 тамыздағы №528 бұйрығына 2-қосымша

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 212 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 3 маусымда № 11260 тіркелген) «Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті (бұдан әрі – Комитет), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Орталық) арқылы көрсетеді.

Өтініште қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі – қағаз жеткізгіште білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәлік немесе оның телнұсқасы.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (жұмыскерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

4. Көрсетілетін қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға Стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар пакетін ұсынуы мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету рәсімінің (әрекетінің) басталуына негіздеме болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны:

Апостилденген немесе заңдастырылған білім туралы құжаттар үшін:

Астана қаласы Мемлекеттік корпорация бөлімшелеріне жүгінген кезде:

1) көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушының Мемлекеттік корпорацияға Стандарттың 9 - тармағында көрсетілген құжаттар пакетін ұсынады. Құжаттары қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттары тіркейді (жиырма минуттан аспайды) және Мемлекеттік корпорация жинақтау бөлімінің инспекторына жолдайды, ол 1 (бір) жұмыс күні ішінде құжаттардың тізілімін жасап, құжаттар пакетін Орталыққа жеткізеді;

3) Орталықтың кеңсе қызметкері өтініштерді тіркейді және оларды Мемлекеттік корпорацияның ықпалдастырылған ақпараттық жүйелер (бұдан әрі - ХҚКО ЫАЖ) базасына енгізеді (отыз минуттан аспайды) және жауапты қызметкер тағайындайтын жауапты құрылымдық бөлімше басшысына жолдайды;

4) Орталықтың жауапты қызметкері 2 (екі) жұмыс күні ішінде шетелдік білім туралы құжатқа сараптамалық бағалау жасайды немесе Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бұдан әрі – ҚР МЖБС) талаптарына сәйкес баламалығын анықтайды.

Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мамандарын тарта отырып сараптама жүргізген жағдайда 4 (төрт) жұмыс күні ішінде;

5) сараптамалық қорытынды шешім қабылдау үшін 1 (бір) жұмыс күн ішінде Комитетке жолданады;

6) Комитет 6 (алты) жұмыс күні ішінде сараптамалық қортынды нәтижелерін қарайды және білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы шешім қабылдайды.

Егерде сараптаманы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының мамандары жүргізген жағдайда шешім 4 (төрт) жұмыс күні ішінде қабылданады;

Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының мамандарын тарта отырып сараптама жүргізген жағдайда 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

6) сараптамалық қорытынды шешім қабылдау үшін 1 (бір) жұмыс күн ішінде Комитетке жолданады;

7) Комитет 6 (алты) жұмыс күні ішінде сараптамалық қортынды нәтижелерін қарайды және білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы шешім қабылдайды.

Егер сараптаманы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының мамандары жүргізген жағдайда шешім 4 (төрт) жұмыс күні ішінде қабылданады;

8) Қабылданған шешім күелік рәсімдеу үшін Орталыққа 1 (бір) жұмыс күні ішінде жолданады;

9) Орталық 2 (екі) жұмыс күні ішінде білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәлікті ресімдейді және оны бекіту үшін Комитетке жолдайды;

10) Комитет 2 (екі) жұмыс күні ішінде куәліктерді бекітеді, оларды деректер базасына енгізеді және Орталыққа жолдайды;

11) Орталық 7 (жеті) жұмыс күні ішінде пошталық байланыс арқылы білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәлікті Мемлекеттік корпорацияның өңірлік бөлімшелеріне жеткізеді;

12) Мемлекеттік корпорацияның білім туралы құжаттарды тану немесе нострификациялау туралы куәліктерді береді.

6. Келесі рәсімдердің (іс-қимылдың) орындалуына негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі:

1) өтінішті тіркеу;

2) сараптамалық қорытынды жүргізу;

3) сараптамалық қорытынды нәтижелерін қарау;

4) сараптамалық қорытынды негізінде бұйрыққа қол қою;

5) куәлік ресімдеу;

6) куәлікті бекіту;

7) білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау туралы куәлікті беру.

3-тарау. Мемлекеттік қызметтерді көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

7. Мемлекеттік қызметті көрсету процесінде мынадай құрылымдық функциональдық бірліктер қатысады:

1) Орталықтың кеңсе қызметкері;

2) жауапты құрылымдық бөлімше басшысы;

3) Орталықтың жауапты қызметкері;

4) Комитет кеңсесінің қызметкері;

5) Комитеттің жауапты құрылымдық бөлімше жетекшісі;

6) Комитеттің жауапты қызметкері.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі құрылымдық бөлімшелер арасындағы мынадай рәсімдерден тұрады:

1) 1- рәсім – Орталықтың кеңсе қызметкері құжатты тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімше басшысына жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

2) 2-рәсім – жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушыны белгілейді және оған құжатты орындау үшін жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

3) 3-рәсім – егерде білім туралы құжат апостилденбеген немесе заңдастырылмаған болса шетелдік деректер базасынан білім туралы құжаттың беру фактісі анықталады (отыз минуттан аспайды).

Шетелдік деректер базасында құжат туралы мәлімет болмаған жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде шетелдік білім беру ұйымына ресми сұрау жолданады.

Егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы Орталықтың жолданған ресми сұрауына 13 (он үш) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда, Қағидалардың 9 және 20 – тармақтарына сәйкес қайта сұрау жолданады және өтінішті қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.

Өтініштерді қарау мерзімі ұзартылған жағдайда Орталық мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту себебін көрсете отырып ХҚКО ЫАЖ мерзімді ұзартады және көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға еркін нысандағы ескерту хат жолдайды;

4) 4-рәсім – жауапты орындаушы шетелдік білім туралы құжатқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде сараптамалық бағалау немесе оның баламалығын анықтау бойынша сараптама жүргізеді

Егерде сараптамаға Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мамандарын тарта отырып жүргізген жағдайда 4 (төрт) жұмыс күні ішінде;

5) 5-рәсім – сараптамалық қорытынды 1 (бір) жұмыс күні ішінде шешім қабылдау үшін Комитетке жолданады;

6) 6-рәсім – Комитет кеңсе қызметкері құжатты тіркеп оны жауапты құрылымдық бөлімшеге жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

7) 7-рәсім – жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушыны тағайындап оған құжатты орындау үшін жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

8) 8-рәсім – жауапты орындаушы құжаттардың толығын және сараптамалық қортындының ҚРЖБС талаптарына сәйкестігін 6 (алты) жұмыс күні ішінде тексереді.

Егер сараптаманы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының мамандары жүргізген жағдайда шешім 4 (төрт) жұмыс күні ішінде тексеріледі. Білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау туралы шешімді ресімдейді және тексеріп қол қою үшін басқарма басшысына жолдайды;

9) 9-рәсім – басқарма басшысы шешімді тексеріп қол қояды және қол қою үшін төрағаның орынбасарына жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

10) 10-рәсім - төраға орынбасары шешімді тексеріп қол қояды (жиырма минуттан аспайды);

11) 11-рәсім - Комитет төрағасы білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау туралы шешімге қол қояды (жиырма минуттан аспайды);

12) 12-рәсім – қол қойылған шешім 1 (бір) жұмыс күні ішінде куәлік рәсімдеу үшін Орталыққа жолданады;

13) 13-рәсім – Орталық 1 (бір) жұмыс күні ішінде куәлік ресімделп оны бекіту үшін Комитетке жолдайды;

14) 14-рәсім – Комитет 2 (екі) жұмыс күні ішінде куәліктерді бекітіп, оларды деректер базасына енгізіп Орталыққа жолдайды;

15) 15-рәсім – Орталық 7 (жеті) жұмыс күні ішінде куәліктерді пошталық байланыс арқылы Мемлекеттік корпорацияның өңірлік бөлімшелеріне жеткізеді. Астана қаласының Мемлекеттік корпорациясы үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде.

9. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерін (қызметкерлерін) өзара іс-қимылы тәртібін сипаттамасы осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес келтірілген.

4-тарау. Мемлекеттік корпорациямен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушінің өзара іс-қимылы тәртібін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін ақпараттық жүйені пайдалану тәртібін сипаттау

10. Мемлекеттік корпорацияға жүгіну тәртібін сипаттау, көрсетілетін қызметті алушыға Мемлекеттік корпорация операторының қызмет көрсетуінің ең ұзақ уақыты 20 (жиырма) минут;

1) 1-процесс – көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға құжаттар пакетін ұсынады – кезекте тұрудың ең ұзақ уақыты 15 минуттан аспайды;

2) 2-процесс - Мемлекеттік корпорация операторы келіп түскен құжаттарды тіркеп көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны жөнінде қол-хат береді – көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің ең ұзақ уақыты 20 (жиырма) минут;

3) 3-процесс - Мемлекеттік корпорация 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде құжаттар пакетін пошталық байланыс арқылы Орталыққа жеткізеді. Көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушы Астана қаласының Мемлекеттік корпорациясына жүгінген кезде 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

4) 4-процесс – көрсетілетін мемлекеттік қызметті беруші апостилденген немесе заңдастырылған білім туралы құжаттарды 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарап шешім шығарады.

Егерде білім туралы құжат апостилденбеген немесе заңдастырылмаған болса 30 (отыз) жұмыс күні ішінде қаралады;

5) 5-процесс - Орталық 7 (жеті) жұмыс күні ішінде пошталық байланыс арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесін Мемлекеттік корпорацияның өңірлік бөлімшелеріне жеткізеді. Астана қаласының Мемлекеттік корпорация бөлімшелері үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде;

6) 6-процесс – Мемлекеттік корпорация операторы дайын куәлікті көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға береді.

11. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелері (қызметкерлері) рәсімдерінің (әрекеттерінің) кезенділігін, сондай-ақ өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және (немесе) Мемлекеттік корпорациямен өзара әрекет етуінің тәртібін және мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін нақтылы сипаттау осы регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетіледі.

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымшасы

Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс – қимылдар) реттілігінің сипаттамасы

1-рәсім
Орталықтың кеңсе қызметкері құжатты тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімше басшысына жолдайды (жиырма минуттан аспайды)

2-рәсім
Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушыны белгілейді және оған құжатты орындау үшін жолдайды (жиырма минуттан аспайды)

3-рәсім
Егерде білім туралы құжат апостилденбеген немесе заңдастырылмаған болса шетелдік деректер базасынан білім туралы құжаттың беру фактісі анықталады (отыз минуттан аспайды).
Шетелдік деректер базасында құжат туралы мәлімет болмаған жағдайда 1 (бір) жұмыс күні ішінде шетелдік білім беру ұйымына ресми сұрау жолданады.
Егер білім туралы құжатты берген білім беру ұйымы Орталықтың жолданған ресми сұрауына 13 (он үш) жұмыс күні ішінде жауап бермеген жағдайда, Қағидалардың 9 және 20 – тармақтарына сәйкес қайта сұрау жолданады және өтініштерді қарау мерзімі 10 (он) жұмыс күніне ұзартылады.
Өтініштерді қарау мерзімі ұзартылған жағдайда Орталық мерзімді ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту себебін көрсете отырып ХҚКО ЫАЖ мерзімді ұзартады және көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға еркін нысандағы ескерту хат жолдайды;

4-рәсім
Жауапты орындаушы шетелдік білім туралы құжатқа 2 (екі) жұмыс күні ішінде сараптамалық бағалау немесе оның баламалығын анықтау бойынша сараптама жүргізеді
Егерде сараптамаға Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының мамандарын тарта отырып жүргізген жағдайда 4 (төрт) жұмыс күні ішінде

5-рәсім
Сараптамалық қорытындыны 1 (бір) жұмыс күні ішінде шешім қабылдау үшін Комитетке жолданады

6-рәсім
Комитет кеңсе қызметкері құжатты тіркеп оны жауапты құрылымдық бөлімшеге жолдайды (жиырма минуттан аспайды)

7-рәсім
Жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы жауапты орындаушыны тағайындап оған құжатты орындау үшін жолдайды (жиырма минуттан аспайды);

8-рәсім
Жауапты орындаушы құжаттардың толығын және сараптамалық қортындының ҚРЖБС сәйкестігін 6 (алты) жұмыс күні ішінде тексереді.
Егер сараптаманы Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының мамандары жүргізген жағдайда шешім 4 (төрт) жұмыс күні ішінде тексеріледі. Білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау туралы шешімді ресімдейді және тексеріп қол қою үшін басқарма басшысына жолдайды

9-рәсім
Басқарма басшысы шешімді тексеріп қол қояды және қол қою үшін төрағаның орынбасарына жолдайды (жиырма минуттан аспайды)

10-рәсім
Төраға орынбасары шешімді тексеріп қол қояды (жиырма минуттан аспайды);

11-рәсім
Комитет төрағасы білім туралы құжатты тану немесе нострификациялау туралы шешімге қол қояды (жиырма минуттан аспайды)

12-рәсім
Қол қойылған шешім 1 (бір) жұмыс күні ішінде куәлік рәсімдеу үшін Орталыққа жолданады

13-рәсім
Орталық 1 (бір) жұмыс күні ішінде куәлік ресімдеп оны бекіту үшін Комитетке жолдайды

14-рәсім
Комитет 2 (екі) жұмыс күні ішінде куәліктерді бекітіп, оларды деректер базасына енгізіп Орталыққа жолдайды

15-рәсім
Орталық 7 (жеті) жұмыс күні ішінде куәліктерді пошталық байланыс арқылы Мемлекеттік корпорацияның өңірлік бөлімшелеріне жеткізеді. Астана қаласының Мемлекеттік корпорациясы үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

«Білім туралы құжаттарды тану және нострификациялау» мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 13 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16558 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 6 наурыз №86 Астана қаласы

«Болашақ» халықаралық стипендиясын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы

«Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 қазандағы № 470 Жарлығымен (Қазақстан Республикасы ПУАЖ-ы, 2000 ж., № 43, 503-құжат) бекітілген Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия туралы ереженің 10-тармағының 3) және 5) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Болашақ» халықаралық стипендиясына құжаттар қабылдаудың және конкурс өткізудің келесі мерзімдері бекітілсін:

1) құжаттарды қабылдау – 2018 жылғы 19 наурыз мен 31 тамыз аралығы;

2) конкурсты өткізу – 2018 жылғы 26 наурыз мен 20 қазан аралығы.

2. 2018 жылға арналған «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шетелде оқу үшін мәндес мамандықтар тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаменті (Н.А. Байжанов) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы бұйрықтың көшірмесін ресми жариялау үшін мерзімді баспа басылымдарына жолдауды;

4) осы бұйрық ресми жарияланған кейін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Б.А. Асылова ға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Білім және ғылым министрі Е.САҒАДИЕВ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 6 наурыздағы №86 бұйрығына қосымша

2018 жылға арналған «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде шетде оқуға арналған мәндес мамандықтар тізбесі

№ р/с	Мамандық	Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне сәйкес мәндес мамандықтар
		Техникалық ғылымдар және технологиялар
1.	Авиациялық техника және технологиялар	Жаратылыстану ғылымдары: Механика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Авиациялық техника және технологиялар, Автоматтандыру және басқару, Ғарыш техникасы және технологиялары, Ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарын ұшырып пайдалану, Машина жасау, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Ұшу аппараттары мен қозғалтқыштарын техникалық пайдалану, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалар бойынша), Көлік, көліктік техника және технология, Көлік құрылысы, Электр энергетикасы.
2.	Сәулет. Құрылыс	Өнер: Архитектура, Дизайн. Техника ғылымдары және технологиялар: Құрылыс, Құрылыс материалдары, бұйымдары және конструкциялары өндірісі, Көлік құрылысы, Гидротехникалық құрылыс және ғимарат, Сумен жабдықтау, су тарту және су қорын қорғау.
3.	Атом өнеркәсібі	Жаратылыстану ғылымдары: Физика, Ядролық физика, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Машина жасау, Наноматериалдар және нанотехнологиялар (қолдану салалары бойынша), Аспап жасау, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Электр энергетикасы.
4.	Биотехнология	Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Информатика, Медициналық-биологиялық іс, Химия. Білім беру: Биология, Химия. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Тамақ қауіпсіздігі, Қайта өңдеу өндірістері технологиясы (салалар бойынша), Тамақ өнімдері технологиясы, Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы, Органикалық заттардың химиялық технологиясы. Ауыл шаруашылығы ғылымдары: Агрономия, Жеміс-көкөніс шаруашылығы, Топырақтану және агрохимия, Өсімдіктерді қорғау және олардың карантині: Фармакология, фармацевтикалық химия.
5.	Геодезия. Геоинформациялық жүйелер. География және картография	Жаратылыстану ғылымдары: География, Гидрология, Информатика, Метеорология, Физика. Білім беру: География, Информатика, Физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Геодезия және картография, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Тау-кен ісі, Радиотехника, электроника және телекоммуникация. Қызметтер: Жерге орналастыру, Кадастр, Туризм.
6.	Геология. Тау-кен ісі. Тау-кен инжинирингі	Жаратылыстану ғылымдары: Механика. Техника ғылымдары және технологиялар: Геодезия және картография, Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау, Тау-кен ісі, Металлургия, Мұнай-газ ісі, Пайдалы қазбаларды байыту, Технологиялық машиналар және жабдықтар (салалары бойынша), Жарылғыш заттардың және пиротехникалық құралдардың химиялық технологиясы, Мұнай мен газ ұңғымаларын бұрғылау, Инженерлік геология, Теңіздегі мұнай-газ құрылымдары, Пайдалы қазбалар кен орындарын барлау технологиясы және техникасы, Мұнай және кен орындарын игеру, Мұнай және газ геологиясы.
7.	Ақпараттық технологиялар мен жүйелер. Ақпараттық қауіпсіздік. Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету	Жаратылыстану ғылымдары: Информатика, Математика. Білім беру: Информатика. Техника ғылымдары және технологиялар: Автоматтандыру және басқару, Басқару жүйелеріндегі автоматтандыру және ақпараттандыру, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпараттық жүйелер, Математикалық және компьютерлік модельдеу, Аспап жасау, Радиотехника, электроника және телекоммуникация, Жылу энергетикасы, Техникалық физика, Технологиялық процесс мен өндірістерді автоматтандыру, Есептеу техникасы мен желілерін аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету, Ақпратты өңдеудің компьютерлік жүйелері және басқару, Технологиялық процесс мен өндірістерді автоматтандыру, Есептеу машиналары, жүйелер және желілер, Ақпараттық-өлшеу техникасы және технологиясы. Әскери іс және қауіпсіздік: Ақпараттық қауіпсіздік жүйелері.
8.	Материалтану және жаңа материалдар технологиясы	Білім беру: Физика, Химия. Жаратылыстану ғылымдары: Биология, Механика, Физика, Химия, Ядролық физика. Техника ғылымдары және технологиялар: Биотехнология, Материалтану және жаңа материалдар технологиясы, Металлургия, Аспап жасау, Құрылыс материалдары, бұйымдары мен конструкцияларын өндіру, Техникалық физика, Технологиялық машиналар

(Соңы. Басы 18-бетте)

	Денсаулық сақтау және медициналық ғылымдар	
53.	Акушерлік және гинекология	Клиникалық зертханалық диагностика:Вирусология. Медициналық-профилактикалық (санитарлық гигиена), медициналық-биологиялық және биологиялық бейіндер: Вирусология, Емдеу ісі, Жалпы медицина.
54.	Аллергология және клиникалық иммунология	Балалар аллергологиясы және иммунологиясы (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік практика.
55.	Анестезиология, реаниматология және интенсивті терапия	Денсаулық сақтау менеджменті, Қоғамдық денсаулық сақтау, Мейірбике ісі, Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру, оның ішінде санитарлық-эпидемиологиялық қызмет (статистика, әдіснама), Жалпы гигиена, Емдеу ісі, Жалпы медицина, Медициналық-профилактикалық ісі.
56.	Ангиология	Жалпы медицина, Емдеу ісі, Мейірбике ісі.
57.	Вирусология	Клиникалық зертханалық диагностика: Вирусология. Медициналық-профилактикалық (санитарлық-гигиена), медициналық-биологиялық және биологиялық бейін: Вирусология, Жалпы медицина, Фармация, Токсикология, Химия, Медициналық-профилактикалық іс.
58.	Ішкі аурулар	Жалпы медицина, Емдеу ісі.
59.	Жалпы тәжірибелік дәрігер	Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік тәжірибе.
60.	Кардиология	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
61.	Сәулелік диагностика	Сәулелік диагностика (рентгенология, радиология, компьютерлік және магнитті-резонанстық томография және рентгенохирургия, эндоскопия), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
62.	Неврология	Неврология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
63.	Шұғыл медициналық көмек	Емдеу ісі, Жалпы медицина, Педиатрия, Терапия, Жалпы дәрігерлік практика.
64.	Нефрология	Нефрология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
65.	Қоғамдық денсаулықты сақтау	Денсаулық сақтау менеджменті, Қоғамдық денсаулықты сақтау, Мейірбике ісі, Әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтауды ұйымдастыру, оның ішінде санитарлық- эпидимиологиялық қызмет (статистика, әдістеме), Жалпы гигиена, Емдеу ісі, Жалпы медицина. Медициналық-профилактикалық іс
66.	Офтальмология	Офтальмология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
67.	Педиатрия. Неона-тология	Педиатрия. Неонатология (бейіні бойынша), Емдеу ісі, Жалпы медицина.
68.	Рефабилитология	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
69.	Мейірбике ісі	Жалпы медицина, Мейірбике ісі, Фармация, Токсикология, Химия, Қоғамдық денсаулық сақтау.
70.	Спорттық медицина	Жалпы медицина, Спорттық медицина, Травматология-ортопедия, Медициналық реабилитология, Қалпына келтіру емі (физиотерапия, емдік дене шынықтыру), Токсикология, Гигиена және токсикология, Тамақтану гигиенасы, Диетология.
71.	Стоматология	Емдеу ісі, Стоматология.
72.	Трансплантология	Емдеу ісі.
73.	Фармакология, фармацевтикалық химия	Жалпы медицина, Фармация, Токсикология, Химия, Емдеу ісі, Биотехнология.
74.	Фтизиатрия	Емдеу ісі, Жалпы медицина.
75.	Хирургия	Емдеу ісі, Жалпы медицина.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16599 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 11 қаңтар №17 Астана қаласы

«Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 4 шілдедегі № 285 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің

2017 жылғы 4 шілдедегі № 285 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15846 болып тіркелген, 2017 жылғы

4 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн

ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрық ресми жарияланғанан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі _____ Д. Абаев
2018 жылғы 7 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі _____ Ж. Қасымбек
2018 жылғы 19 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі _____ Т. Сүлейменов
2018 жылғы «___» _____

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының экономика министрінің міндетін атқарушы _____ Р. Дәленов
2018 жылғы 12 наурыз

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №17 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 4 шілдедегі №285 бұйрығына 1-қосымша

«Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап – күнтізбелік 15 (он бес) күн;

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын бере отырып, жазбаша келісу не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік

қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мыналардың:

1) көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14:30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18:30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 17:30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз, кезек күту тәртібімен жер учаскесінің орналасқан орны бойынша көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Занның 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жер учаскесінің орналасқан орны бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібімен көрсетіледі, «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не өкілеттікті растайтын құжат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет етіледі);

3) бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы.

Көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтер көрсетілетін қызметті беруші және Мемлекеттік корпорация жұмыскері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттары талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Дайын құжаттары көрсетілетін қызметті алушыға беру жеке басын

куәландыратын құжат ұсынылған кезде (не оның өкіліне өкілеттігін растайтын құжат бойынша) қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің Мемлекеттік корпорацияға жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бір ай бойы нәтижені сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының осы тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу

үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген

үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы.

3-тарау.

Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не орталық мемлекеттік орган басшысының атына жұмыс күндері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен, портал арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе орталық мемлекеттік органның кеңсесі арқылы қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, орталық мемлекеттік органның кеңсесінде шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мұрағаны, кіріс нөмірі мен күні) растайды. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылданғанын оның тіркелуі (мұрағаны, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) растайды.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), почталық мекенжайы;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, орталық мемлекеттік органның немесе Мемлекеттік корпорацияның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы уәжді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почтамен, портал арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің, орталық мемлекеттік органның немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуы тиіс.

12. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4-тарау. Мемлекеттік қызметті, оның ішінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Тіршілік әрекетін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзушылығы бар, денсаулығы нашар көрсетілетін қызметті алушыларға, қажет болған жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қабылдауды Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы жүгіну жолымен Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыларға күту мен қажетті құжаттарды дайындау уақытында жағдайлар жасалады (күтуге арналған креслолар, қажетті құжаттардың тізбесі мен оларды толтыру үлгілері бар стендтермен жарақталған құжаттарды толтыруға арналған орындар), өртке қарсы қауіпсіздік шаралары қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің және Мемлекеттік корпорацияның ғимараттары мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустары бар кіреберіспен жабдықталған болады.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары:

1) Министрліктің www.mcx.gov.kz интернет-ресурсында;

2) көрсетілетін қызметті берушінің www.mcx.gov.kz интернет-ресурсында

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінің «Мемлекеттік қызметті

көрсету орындарының мекенжайлары» – «Жергілікті атқарушы органдар» кіші бөлімінде;

3) Мемлекеттік корпорацияның www.gov4c.kz интернет-ресурсында орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының порталдың «жеке кабинеті» арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алуға мүмкіндігі бар.

17. Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.

«Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Нысан

Кімге:_____ басшысына
мемлекеттік органның атауы
Кімнен: _____
жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
_____
жағдайда) не заңды тұлғаның толық атауы
_____
Жеке сәйкестендіру нөмірі не бизнес сәйкестендіру нөмірі
_____
_____
жеке тұлғаның немесе заңды тұлға өкілінің жеке
_____
басын куәландыратын құжаттың деректемелері,
_____
байланыс телефоны (бар болса), тұрғылықты
_____
мекенжайы (заңды тұлғалар үшін) не тіркелген
_____
мекенжайы (жеке тұлғалар үшін)

Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісуге өтініш

Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын әзірлеуші - тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның толық атауы	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу туралы өтініш білдіруші тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы-ның атауы
1	2	3

Кестенің жалғасы

Жер учаскесінің мекенжайы (орналасқан жері)	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты және алаңы, гектар	Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы даналарының саны	Жергілікті атқарушы органның шешімі, нөмірі және күні
4	5	6	7

Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасы мемлекет жер учаскесіне жеке меншік құқығын немесе жер пайдалану құқығын берген кезде, жер учаскесінің сәйкестендіру сипаттамалары өзгерген жағдайда (қажеттісінің астын сызу) дайындалды.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Күні 20__ жылғы «___» _____ Өтініш беруші_____
(жеке тұлғаның не заңды тұлғаның
_____
_____
уәкілетті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

«Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Нысан

_____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты,
_____
әкесінің аты (бар болған жағдайда)
_____
не ұйымының атауы, мекенжайы)

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы филиалының №_____ бөлімі (мекенжайын көрсету) Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбауыңызға, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____.

ұсынбауыңызға байланысты «Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісу және беру» мемлекеттік қызметін көрсетуге арналған құжаттарыңызды қабылдаудан бас тартады.

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 (екі) данада жасалды

_____
(Мемлекеттік корпорация жұмыскерінің тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған жағдайда), қолы)
Телефоны (бар болса) _____
Алдым: _____
(көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)
20__жылғы «____» _____

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 11 қаңтардағы №17 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 4 шілдедегі №285 бұйрығына 2-қосымша

«Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылады (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация).

2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасы тапсырылған күннен бастап – күнтізбелік 15 (он бес) күн, бұл ретте құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін барынша жол берілетін күту уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің барынша жол берілетін уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібімен жер учаскесінің орналасқан орны бойынша көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті броньдауға болады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не өкілеттігін растайтын құжат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) жеке басты куәландыратын құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін);

3) жер учаскесіне сәйкестендіру құжатының көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация жұмыскері «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алуға болатын құжаттары талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері, егер, Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелердегі заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушының келісімін алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі.

Дайын құжаттары көрсетілетін қызметті алушыға беру жеке басын

куәландыратын құжат ұсынылған кезде (не оның өкіліне өкілеттігін растайтын құжат бойынша) қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесінің Мемлекеттік корпорацияға жеткізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация бір ай бойы нәтижені сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді. Көрсетілетін қызметті алушы бір ай өткеннен кейін жүгінген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның сұратуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының осы тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын бермеген жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

10. Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу

үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;

2) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнайы құқығынан айрылған болуы.

3-тарау.

Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Орталық мемлекеттік органның, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның жұмыскерлерінің мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына не орталық мемлекеттік орган басшысының атына жұмыс күндері осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар бойынша беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почтамен, портал арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің немесе орталық мемлекеттік органның кеңсесі арқылы

қолма-қол беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, орталық мемлекеттік органның кеңсесінде шағымның қабылданғанын шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оның тіркелуі (мұрағаны, кіріс нөмірі мен күні) растайды. Шағымға жеке тұлға немесе заңды тұлғаның өкілі қол қояды.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыскері дұрыс қызмет көрсетпеген жағдайда, шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Қолма-қол, сол сияқты почтамен келіп түскен шағымның Мемлекеттік корпорацияда қабылданғанын оның тіркелуі (мұрағаны, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) растайды.

Мыналардың:

1) жеке тұлғаның шағымында – оның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), почталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның шағымында – оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары бойынша алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде, көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеуі (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Кө

(Соңы. Басы 19-бетте)

Петлицада:
- жоғарғы бөлігінде Комитеттің эмблемасы орналасқан;
- ортасымен ұзына бойына ою түрінде сутаж жібімен екі жолақ тартылған;
- ортасында алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 15 миллиметр екі жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х60 миллиметр, алтын түстес екі жолақты.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциялары басшыларының орынбасарлары – тиісті облыстардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары.

Күнделікті



Петлицада:
- жоғарғы бөлігінде Комитеттің эмблемасы орналасқан;
- ортасымен ұзына бойына ою түрінде сутаж жібімен екі жолақ тартылған;
- ортасында алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 15 миллиметр бір жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х60 миллиметр, алтын түстес бір жолақты.

7. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекцияларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын бөлімдерінің басшылары – тиісті облыстардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары.

Күнделікті



Петлицада:
- жоғарғы бөлігінде Комитеттің эмблемасы орналасқан;
- ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен екі жолақ ою тартылған;
- ортасында алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 12 миллиметр үш жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х50 миллиметр, алтын түстес үш жолақты.

8. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекцияларының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мамандары – тиісті облыстардың жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары.

Күнделікті



Петлицада:
- жоғарғы бөлігінде Комитеттің эмблемасы орналасқан;
- ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен екі жолақ ою тартылған;
- ортасында алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 12 миллиметр екі жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х40 миллиметр, алтын түстес екі жолақты.»;

22-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне

22-қосымша»;

Жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілерінде:

1, 2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің директоры.

Күнделікті



Петлица қою жасыл барқыттан тігілген, петлицаның ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен екі жолақ түсірілген, петлицада алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 15 миллиметр екі жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х60 миллиметр, алтын түстес, тігілген.

2. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеме директорының орынбасары.

Күнделікті



Петлица қою жасыл барқыттан тігілген, петлицаның ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен екі жолақ түсірілген, петлицада алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 15 миллиметр бір жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х60 миллиметр, алтын түстес, тігілген.

3. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің бас қорықшысы

Күнделікті



Петлица қою жасыл барқыттан тігілген, петлицаның ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен бір жолақ түсірілген, петлицада алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 12 миллиметр төрт жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х50 миллиметр, алтын түстес, тігілген.

4. Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік мекеменің қорықшысы.

Күнделікті

Петлица қою жасыл барқыттан тігілген, петлицаның ортасымен ұзына бойына сутаж жібімен бір жолақ түсірілген, петлицада алтын түстес анодталған алюминийден өлшемі 12 миллиметр үш жұлдызша орналасқан.

Жеңге тағылатын белгі, өлшемі 140х40 миллиметр, алтын түстес, тігілген.»;

23-қосымшаның оң жақ жоғарғы бұрышындағы мәтін мынадай редакцияда жазылсын:

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге

23-қосымша»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті органның және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарының, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) үлгілеріне киіп жүру қағидасында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар жұмыскерлерін айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз ету нормалары»;

1.1 және 1.2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«1.1 Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті мен оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз ету нормалары

р/с №	Заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Кию мерзімі, ай
1	2	3	4	5
Ерлерге арналған нысанды киім				
Күнделікті				
1	Күнделікті костюм: пиджак; шалбар	дана дана	1 1	12 12
2	Жейде	дана	2	12
3	Қысқа жеңді жейде	дана	2	12
4	Галстук	дана	1	12
5	Галстукқа арналған қысқыш	дана	1	12
6	Туфли	жұп	1	12
7	Белдік	дана	1	24
8	Фуражка	дана	1	24
9	Күрте (жылы)	дана	1	24
10	Плащ	дана	1	24
11	Пальто	дана	1	24
12	Құлақшын	дана	1	24
13	Бәтеңке	жұп	1	24
14	Қысқа қонышты бәтеңке	жұп	1	24
Далалық				
1	Жазғы костюм	дана	1	12
2	Қысқы костюм	дана	1	12
3	Футболка	дана	1	12
4	Водолазка	дана	1	12
5	Жүннен тоқылған свитер	дана	1	12
6	Белдік	дана	1	12
7	Кепкі	дана	1	12
8	Құлақшын	дана	1	12
9	Бетперде-құлақшын	дана	1	12
10	Кеудеше	дана	1	12
11	Қысқа қонышты бәтеңке	жұп	1	12
12	Қонышты бәтеңке	жұп	1	12
13	Су кешетін (балықшыларға арналған) резеңке етік	жұп	1	12
Әйелдерге арналған нысанды киім				
Күнделікті				
1	Күнделікті костюм: кеудеше; юбка; шалбар.	ДАНА дана дана	1 1 1	12 12 12
2	Блузка	дана	2	12
3	Қысқа жеңді блузка	дана	2	12
4	Галстук	дана	1	12
5	Галстукқа арналған қысқыш	дана	1	12
6	Туфли	жұп	1	12
7	Жылы күрте	дана	1	24
8	Плащ	дана	1	36
9	Телпек	дана	1	24
10	Етік	жұп	1	24
11	Құлақшын	дана	1	24
Далалық				
1	Жазғы костюм	дана	1	12
2	Қысқы костюм	дана	1	12
3	Футболка	дана	1	12
4	Водолазка	дана	1	12
5	Свитер	дана	2	12
6	Кепкі	дана	1	12
7	Құлақшын	дана	1	12
8	Бетперде - құлақшын	дана	1	12
9	Кеудеше	дана	1	12
10	Қысқа қонышты бәтеңке	жұп	1	12
11	Қонышты бәтеңке	жұп	1	12
12	Су кешетін (балықшыларға арналған) резеңке етік	жұп	1	12

1.2. Жануарлар дүниесін қорғауды тікелей жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлерін айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз ету нормалары

р/с №	Заттардың атауы	Өлшем бірлігі	Саны	Кию мерзімі, ай
1	2	3	4	5
Ерлерге арналған нысанды киім				
Күнделікті				
1.	Күнделікті костюм: пиджак; шалбар	дана дана	1 1	12 12
2	Жейде	дана	2	12
3	Қысқа жеңді жейде	дана	2	12
4	Галстук	дана	1	12
5	Галстук қысқыш	дана	1	12
6	Туфли	жұп	1	12
7	Белдік	дана	1	24
8	Фуражка	дана	1	24
9	Күрте	дана	1	24
10	Плащ	дана	1	24
11	Құлақшын	дана	1	24
12	Қысқа қонышты бәтіңке	жұп	1	24
Далалық				
1	Жазғы костюм	дана	1	12
2	Қысқы костюм	дана	1	12
3	Жүннен тоқылған жемпір	дана	1	12
4	Водолазка	дана	1	12
5	Футболка	дана	1	12
6	Берцы бәтіңке	жұп	2	12
7	Кепкі	дана	1	12
Әйелдерге арналған нысанды киім				
Күнделікті				
1	Күнделікті костюм: кеудеше; юбка шалбар	дана дана дана	1 1 1	12 12 12
2	Блузка	дана	2	12
3	Қысқа жеңді блузка	дана	2	12
4	Галстук	дана	1	12
5	Галстук қысқыш	дана	1	12
6	Пилотка	дана	1	12
7	Туфли	жұп	1	12
8	Күрте	дана	1	24
9	Плащ	дана	1	36
10	Етік	жұп	1	24
11	Құлақшын	дана	1	24
Далалық				
1	Жазғы костюм	дана	1	12
2	Қысқы костюм	дана	1	12
3	Жемпір	дана	1	12
4	Водолазка	дана	1	12
5	Футболка	дана	2	12
6	Берцы бәтіңке	жұп	2	12
7	Кепкі	дана	2	12

».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
Ө.ШӨКЕЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
_____ Б.Сұлтанов
2018 жылғы 19 ақпан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 5 наурызда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №16511 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2018 жылғы 13 наурыз №110 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесі бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрдің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 148 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15089 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 мамырда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Кадр және әкімшілік қамтамасыз ету департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі Ө.ШӨКЕЕВ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің
2018 жылғы 13 наурыздағы №110 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі – «Б» корпусының қызметшілері) қызметін бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Әдістемеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) жеке жұмыс жоспары – «Б» корпусы қызметшісінің бағалану кезеңіне арналған ТНИ-ін көздейтін және тікелей басшысымен бірге жасалып, жоғары тұрған басшымен бекітілген құжат;

2) жоғары тұрған басшы – оған қатысты бағаланушы қызметшінің тікелей басшысы тікелей бағынысты болатын тұлға;

3) құзыреттер – нақты мемлекеттік лауазымда кәсіби қызметті тиімді атқару үшін қажетті білімнің, икемнің және дағдылардың жиынтығы;

4) мінез-құлық индикаторы – «Б» корпусы қызметшісінің мінез-құлық сипаттамасы мен құзыретінің байқалу деңгейі;

5) түйінді нысаналы индикаторлар (бұдан әрі – ТНИ) – Министрліктің стратегиялық жоспарына, саяси мемлекеттік қызметшінің меморандумына/ «А» корпусы қызметшісінің келісіміне сәйкес не «Б» корпусы қызметшісінің қызметінің ерекшелігін (процестік жұмысты қоспағанда) негізге ала отырып белгіленетін көрсеткіштер, оларға қол жеткізу олардың қызметінің тиімділігін растайды;

6) тікелей басшы – оған қатысты бағаланушы қызметші тікелей бағынысты болатын тұлға.

3. «Б» корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) олардың жұмысының тиімділігі мен сапасын айқындау үшін жүргізіледі.

4. Егер оның нақты лауазымда болу мерзімі, оның ішінде әлеуметтік демалыстан шыққаннан кейін немесе оқуды аяқтағаннан кейін үш айдан кем болса, сондай-ақ сынақ мерзімінде бағалау жүргізілмейді.

Бағалау жүргізу кезінде еңбек демалысында, жалақысы сақталмайтын демалыста, уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңінде, іссапарда немесе тағылымдамада болған, сондай-ақ қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілген «Б» корпусы қызметшілері жұмысқа шыққаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде бағалаудан өтеді.

5. Бағалауды жүргізу үшін «Б» корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды адам (бұдан әрі - уәкілетті адам) персоналды басқару қызметі жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады.

Комиссия құрамын уәкілетті адам айқындайды. Комиссия мүшелерінің саны кемінде 5 адамды құрайды.

6. Бағалау екі жеке бағыт бойынша жүргізіледі:

1) ТНИ-ге қол жеткізуді бағалау;

2) «Б» корпусы қызметшілерінің құзыреттерін бағалау.

7. ТНИ орындалуын бағалау нәтижелері бонустар төлеу, көтермелеу, ротациялау, мемлекеттік лауазымдардан төмендету немесе босату үшін шешім қабылдауға негіз болып табылады.

Құзыреттерді бағалау нәтижелері «Б» корпусы қызметшісінің қажетті құзыреттерін дамыту бойынша шешім қабылдауға негіз болып табылады. Бұл ретте, құзыреттерді бағалау нәтижелері бонустар төлеуге, көтермелеуге, ротациялауға, мемлекеттік лауазымдардан төмендетуге немесе босатуға әсер етпейді.

8. Бағалауға байланысты құжаттар персоналды басқару қызметінде бағалау аяқталғаннан күннен бастап үш жыл бойы сақталады.

2-тарау. ТНИ анықтау тәртібі

9. ТНИ-ді тікелей басшы осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағалау кезеңі басталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде жасалатын, «Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің жеке жұмыс жоспарында айқындайды.

10. Тиісті ТНИ-і бар жеке жұмыс жоспары қалыптастырылғаннан кейін ол бекіту үшін жоғары тұрған басшының қарауына енгізіледі.

11. «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы Министрліктің бірінші басшысы болған жағдайда, жеке жұмыс жоспары осы лауазымды адаммен бекітіледі.

12. ТНИ осы Әдістеменің 13-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда жоғары тұрған басшы жеке жұмыс жоспарын пысықтауға қайтарады.

Жеке жұмыс жоспарын жоғары тұрған басшының қарауына қайта енгізу пысықтауға жолданған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.

13. ТНИ:

1) нақты (күтілетін оң өзгерістер көрсетіле отырып, қол жеткізу қажет нәтиже анық белгіленеді);

2) өлшеуге болатын (ТНИ-ді өлшеу үшін нақты критерийлер белгіленеді);

3) қол жеткізуге болатын (ТНИ қолда бар ресурстарды, өкілеттіктер мен шектеулерді ескере отырып белгіленеді);

4) уақытпен шектеулі (бағалатын кезең ішінде ТНИ-ге қол жеткізу мерзімі белгіленеді);

5) Министрліктің стратегиялық мақсатын, саяси қызметшінің меморандумын не «А» корпусы қызметшісінің келісімін іске асыруға бағытталған болып табылады.

14. ТНИ саны 5 құрайды.

15. Жеке жұмыс жоспары персоналды басқару қызметінде сақталады.

3-тарау. ТНИ-ге қол жеткізуді бағалау тәртібі

Өндірушінің сериялық нөмірі[6]
(Manufacturers Serial No[6])

Тіркеу нөмірі[7]:
(Registration Mark[7])

Жауап берушінің коды[8]:
(Mode S aircraft address[8])

Ұшу жарамдылығын бекіту[9]:
(Airworthiness Approval[9])

Берілген күні[10]:
(Date Issued[10])

RVSM бекіту (рұқсат беру) [11]:
(RVSM Approval[11])

RVSM бекітуге берілген күні [12]:
(Date Issued[12])

Бекіту мерзімінің аяқталған күні[13]:
(Date of Expiry[13] (If Applicable))

Бекіту әдісі [18]:
Method of Compliance
(Service Bulletin, STC etc))

Ескерту[16]:|
(Remarks[16])

Толтырылғаннан кейін көрсетілген мекен-жай бойынша қайтару керек: (When complete, please return to the following address): RMA мекен-жайы: Ресей,123182,Мәскеу, Волоколамск ш.,26 (RMA Address)(26, Volokolamskoe shoisse, Moscow, 123182, Russia) Телефон (Telephone): +7(499)190-35-19 Факс(Fax): +7(499)190-3579 E-Mail:rma@rma-eurasia.ru, RMA_Eurasia@atminst.ru

8-кесте

Flight Information Form (FIF)

Please Email to rma@rma-eurasia.ru or Fax to at +7 499 190-3579, 24 hours prior to flight and within 6 hours of landing.

INFORMATION TO BE RECORDED PRIOR TO FLIGHT		
Airline/Operator:	GMU Container Number:	
Point of Contact for Operator: Name: Phone: Fax:		
Aircraft Type/Series:	Aircraft Registration Number:	
Call Sign:	Airframe Serial Number:	
Planned: Origin:	Departure Date (UTC):	Departure Time (UTC):
Planned: Destination:	Arrival Date (UTC):	Arrival Time (UTC):
Installer (Name/Org.):	Retriever (Name/Org.):	
Mode S Equipped (Yes/No):	Separation Between Mounted Antennas (ft.):	
Installer/Operator Comments:		
INFORMATION TO BE RECORDED BY FLIGHT CREW/GMU OPERATOR		
Data Collection: Start Date (UTC):	Start Time (UTC):	
GMU File Name:		
Departure Time (UTC):	Origin (ICAO ID):	

Please record the requested information as soon as practical when:
1. Aircraft is first established in level flight at or above FL 290, or
2. The ATC assigned transponder code is changed at or above FL 290, or
3. There is a flight level change and aircraft remains at or above FL 290, or
4. An autopilot change is initiated at or above FL 290, or
5. The ARTCC or FIR changes.

Time	Assigned	Mach/Air	Xpndr	Altimeter Reading		Autopilot (L, R, C)		FMS/ PMS	ARTCC/ FIR
(UTC)	FL	Speed	Code/ Source	Pilot	Co-pilot	Pilot	Co-pilot	(Y/N)	(ICAO ID)

Data Collection: End Date (UTC):	End Time (UTC):
Arrival Time (UTC):	Destination ICAO (ID):
Comments on flight conditions affecting height keeping performance, i.e. turb, and location	

Толтырылғаннан кейін көрсетілген мекен-жай бойынша қайтару керек:
(When complete, please return to the following address)

Ресей, 123182, Мәскеу, Волоколамск ш.,26
(RMA Address)(26, Volokolamskoe shoisse, Moscow, 123182, Russia)
Телефон (Telephone): +7(499)190-35-19 Факс (Fax): +7(499)190-3579
E-Mail:rma@rma-eurasia.ru, RMA_Eurasia@atminst.ru

9-кесте

RMA F5
Биіктік бойынша үлкен ауытқулар туралы баяндау бланкі
(Large height deviation reporting form)

RMA EURASIA	Осы баяндамада берілген ақпарат құпия болып табылады және тек қана ұшу қауіпсіздігіне статистикалық талдау үшін пайдаланылады. (The information contained in this form is confidential and will be used for statistical safety analysis purposes only.)

Биіктігі бойынша үлкен ауытқулар туралы баяндау бланкі (F 5)
(Large Height Deviation Form (F 5)

90 м (300 фут) және одан жоғары биіктік бойынша ауытқулар, соның ішінде TCAS-қа байланысты турбуленттілік және әр түрлі күтпеген жайдайлар туралы баяндаңыз
(Report any altitude deviation of 90 m. (300ft)or more, including those due to TCAS, Turbulence and Contingency Events)

1. Бүгінгі күн: (Today's date:)	2. Баяндама берген орган: (Reporting Unit:)		
Ауытқулар туралы толық ақпарат (Deviation details)			
3. Пайдаланушы: (Operator Name:) ӘК тіркеу нөмірі: (ACFT Registration Number:)	4. Call Sign (Дабылдар):	5. ӘК-нің түрі: (Aircraft Type:)	6. Көрсетілген биіктік (Altitude Displayed:)
7. Оқиға күні: (Date of Occurrence:)	8. UTC уақыты: (Time UTC:)	9. Оқиға орны (ені./ұзақ., немесе бақылау бағыты): (Occurrence Position (lat/long or Fix) :)	
10. Ұшудың рұқсат етілген бағыты: (Cleared Route of Flight:)			
11. Ұшудың белгіленген эшелоны: (Cleared Flight Level:)	12. Дұрыс белгіленбеген эшелонға ұшу ұзақтығының есебі (секундпен): (Estimated Duration at Incorrect Flight Level (seconds :)	13. Бақыланатын ауытқулар +/- m : (Observed Deviation +/- m)	
14. Әуе кемелерінің жағдайларына басқа да қатыстылар: (Other Traffic Involved:)			
15. Ауытқу себебі (мысалы, турбуленттілік, жабдықтың бұзылуы): (Cause of Deviation (Examples: Turbulence, Equipment Failure)			
АУЫТҚУ ТОҚТАҒАННАН КЕЙІН (AFTER DEVIATION IS RESTORED)			
16. Ұшудың ақырғы қадағаланатын/мәлімденетін соңғы эшелоны*: (Observed/Reported Final Flight Level*:)			
*Ақпарат негіздерін көрсетіңіз: (*Please indicate the source of information:) ❑ Қадағалау жүйесі ❑ Ұшқыш (Surveillance system) (Pilot)			
Түсініктемелер (Narrative)			
20. Ауытқудың нақты сипаттамасы (ӘК-нің нақты жүру жолдарына өзіңіздің бағаңызды беріңіз және ауытқу себебін көрсетіңіз.) (Detailed Description of Deviation (Please give your assessment of the actual track flown by the aircraft and the cause of the deviation.))			
21. Экипаждың (қолма-қол) түсініктемелері (Crew comments (if any)			

Толтырылғаннан кейін көрсетілген мекен-жай бойынша қайтару керек: (When complete, please return to the following address): RMA мекен-жайы: Ресей,123182,Мәскеу, Волоколамск ш.,26 (RMA Address)(26, Volokolamskoe shoisse, Moscow, 123182, Russia) Телефон (Telephone): +7(499)190-35-19 Факс(Fax): +7(499)190-3579 E-Mail:rma@rma-eurasia.ru, RMA_Eurasia@atminst.ru

10-кесте

RMA F6
Биіктік бойынша үлкен ауытқулар туралы ӘҚҚ органының ай сайынғы есебі (Form forATC Unit Monthly Report of Large Height Deviations (F 6)

EURASIA RMA
Биіктік бойынша үлкен ауытқулар туралы есеп
(Report of Large Height Deviation)

90 м (300 фут) немесе одан жоғары биіктік бойынша ауытқулар, соның ішінде СЕБЖ нұсқауларына байланысты турбуленттілік және әр түрлі күтпеген жайдайлар туралы *EURASIA RMA* есебі.
(Report to the *EURASIA RMA* of a height deviation of 90 m. (300 ft) or more, including those due to ACAS, turbulence and contingency events.)
<Еуразия мемлекеттерінің әэронавигациялық қызмет көрсету провайдерлерінің атқарушы органы>:_____

ӘҚҚ органы: _____
(Name of ATC unit:)

I немесе *II* Бөлімдерді толтырыңыз
(Please complete Section I or II as appropriate)

I БӨЛІМ:
(SECTION I:)

Биіктік бойынша үлкен ауытқулар туралы _____(ай) мәлімдемелер түскен жоқ.
(There were no reports of large height deviations for the month of _____)

II БӨЛІМ:
(SECTION II:)

90 м (300 фут) немесе одан жоғары ЭП 290 және ЭП 410 аралығындағы биіктік жөніндегі ауытқулар туралы ____ мәлімдеме (лер) түсті. Биіктік бойынша ауытқулардың әр қайсысы туралы нақты ақпарат RMA F5 үлгісі арқылы қоса беріледі.
(There was/were ____ report(s) of a height deviation of 90 m (300 ft) or more between FL 290 and FL 410. Details of each height deviation are in form RMA F5 attached.)

(Биіктік бойынша ауытқулар туралы әрбір есеп берулерге жеке бланк пайдаланыңыз.). *(Please use a separate form for each report of height deviation).*

Толтырылғаннан кейін көрсетілген мекен-жай бойынша қайтару керек:
(*When complete, please return to the following address*)

RMA мекен-жайы: Ресей,123182,Мәскеу, Волоколамск ш.,26 *(RMA Address)*(26, Volokolamskoe shoisse, Moscow, 123182, Russia)

Телефон (Telephone): +7(499)190-35-19 Факс(Fax): +7(499)190-3579 E-Mail:rma@rma-eurasia.ru, RMA_Eurasia@atminst.ru

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларға 19-қосымшасы

Ұшу аудандарында ұшуға немесе сипаттамаларға негізделген (бұдан әрі - PBN) қажетті навигациялық спецификациялар орнатылған бағдарларға бекіту

1. ӘК-ні қатысты PBN орнатылған мемлекеттер немесе аудандардың әуе кеңістіктеріне ұшуға бекіту өкілетті органдар арқылы жүзеге асырылады.

2. Сипаттамаларға негізделген навигация және енгізу процесі мен пайдаланым бекітуге қатысты нұсқамалық материал туралы ақпарат (PBN) (Doc 9613 ИКАО) сипаттамаларына негізделген навигация Нұсқаулығында келтірілген.

3. Пайдалану тұжырымдамасы

PBN пайдалану тұжырымдамасын уәкілетті органнан алу үшін, пайдаланушы мыналарды дәлелдейді: әр тиісті ВС үшін PBN әуе кеңістігінде ұшу үшін RNAV ВС жүйесінің ұшу жарамдылығының тиісті тұжырымдамалардың болуын;

ұшуларды қамтамасыз ету бойынша ұшу экипажының мүшелері мен қызметшілері үшін дайындау бағдарламалардың әзірленуін;

пайдалану қағидалары әзірленгенін, оларда нақтыланғандары:

1) бортында орнатуға жататын жабдық, оның ішінде пайдаланушылық шектеу және минималды жабдықтың тізімінде (MEL) тиісті жазбалар;

2) ұшу экипажының құрамы мен тәжірибесіне қойылатын талаптар;

3) стандартты рәсімдер кезінде навигациялық жүйелерді қолдануға жататын пайдалану қағидалары;

4) төтенше жағдайлардағы іс-әрекет тәртібі;

5) хабарламаны бақылау және ұсыну;

6) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасына толықтырулар әзірленді;

7) навигациялық деректерді электронды басқару.

4. Ауа мен жерде қолдану үшін әзірленген электронды навигациялық деректердің өнімі уәкілетті орган пайдаланушының рәсімдерін бекіткеннен кейін ғана қолданылады:

1) тұтастықтың қолайлы стандарттарын және деректердің үйлесімділігін болжалды қызметімен қамтамасыз ету;

2) деректермен және өніммен байланысты тиісті процестерге үнемі бақылау жасау;

3) электронды навигациялық деректерді уақытылы енгізуді және жіберуді қамтамасыз ету.

5. Тиісті PBN орнатылған мемлекеттердің немесе аудандардың әуе кеңістіктерінде ӘК ұшуға рұқсат беруі осы Қағидаларға 20-қосымшасына сәйкес пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктеріне жазылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларға 20-қосымшасы

Пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктерінде ӘК-лерге мемлекеттердің немесе аймақтардың әуе кеңістіктерінде, қайсыда тиісті PBN орнатылған, ұшуларға рұқсат беру туралы жазу үлгісі

Арнайы рұқсат	Иә	Жоқ	Арнайы тұжырымдама	Ескертулер
PBN операциялары үшін навигациялық ерекшелік	☑	☐	RNAV 10	Негізгі датчик GNSS
			RNAV 5	B-RNAV маршруттарына жарамды Тұжырымдама GNSS пен DME/DME қолдануға негізделген
			RNAV 1 және 2	P-RNAV маршруттары/схемаларына жарамды
			RNP 1	RNP 1 RF учаскелеріне рұқсат етілген
			RNP APCH (LPV)	Тұжырымдама SBAS қолдануға негізделген LPV, LNAV/VNAV или LNAV минимумдары бойынша отыруға рұқсат етілген
			RNP AR APCH	RNP 0,15 RF учаскелеріне рұқсат ілген RNP 0,2 ☑ екінші шеңберіне кеткен кезде АР қажет. FMS/IRS жүйесін қайталау қажет

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларға 21-қосымшасы

Ұшуға дейінгі жоспарлау кезінде әуеайлақтар бойынша болжамдарды (TAF және TREND) ҚОЛДАНУ (ИКАО Конвенциясына 3-Қосымшасы)

1. TAF бірінші бөлігін қолдану

а) Қолданудың уақыт кезеңі: TAF әрекет ету кезеңінен бастап бірінші «FM ... *» немесе «BECMG» дейін, немесе егер «FM» немесе «BECMG» жоқ болса, TAF әрекет ету кезеңі біткенге дейін беріледі.

б) Болжамды қолдану: басым болатын ауа-райы жағдайында TAF бастапқы кезеңінде толықтай қолданылуы тиіс, тек орташа жел және ұйытқудан (бүйірден соққан жел) басқа кезде, олар төменде келтірілген кестедегі «BECMG AT және FM» - бағанына сәйкес қолданылуы тиіс, тек «TEMPO» or «PROB**» уақыт өзгерістерінен басқа.

2. TAF және TREND-те келесі көрсеткіштердің өзгеріс болжамын қолдану

Жоспарланған әуеайлақ үшін TAF немесе TREND:	FM және BECMG AT:	BECMG, BECMG FM, BECMG TL, BECMG FM*TL,		TEMPO, TEMPO FM, TEMPO FM…TL, PROB 30/40			PROB TEMPO
	Нашарлау және жақсару	Нашарлау	Жақсару	Нашарлау		Жақсару	Нашарлау және жақсару
				Ұзақ мерзімді емес ауа-райы құбылыстарына, мысалы, найзағай, күшті жауынмен байланысты қысқа мерзімді / күшті құбылыстар	Мысалы, түнек, түтін, тұман, шаң/құм боранмен, толассыз жайын-шашынмен байланысты тұоақты құбылыстар	Кез-келген жағдайда	
ETA ± 1 HR кезіндегі тағайындану әуеайлақ	Өзгеріс бастал-ғаннан бері ескеріледі	Өзгеріс басталған сәттен ескеріледі	Өзгеріс аяқталған сәттен бастап ескеріледі	Қолданылмайды	Қолданылады	Ескеріледі	Нашарлаулар ескерілмейді; Жақсарулар ескеріледі, оның ішінде желдің орташа көрсеткіші де және жел ұйытқулары
ETA ± 1сағат кезіндегі ұшып шығуға арналған қосалқы әуеайлақ					Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;		
ETA ± 1 сағат кезіндегі тағайындану әуеайлақ үшін қосалқы әуеайлақ	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;		Ұйытқулар: ескерілмейді		
				Ұзақ мерзімді емес ауа-райы құбылыстарына, мысалы, найзағай, күшті жауынмен байланысты қысқа мерзімді / күшті құбылыстар	Мысалы, түнек, түтін, тұман, шаң/құм боранмен, толассыз жайын-шашынмен байланысты тұоақты құбылыстар	Кез-келген жағдайда	
ETA ± 1 сағат бағытындағы қосалқы әуеайлақ	Ұйытқулар: ескерілмейді	Ұйытқулар: ескерілмейді	Ұйытқулар: ескерілмейді	Талап етілетін шамалардан асатын ұйытқулары бар орташа жел: ескерілмейді		Ескеріледі.	Нашарлаулар ескерілмейді; Жақсарулар ескеріледі, оның ішінде желдің орта-ша көрсеткіші де және жел ұйытқулары
ETA ± 1 сағат ерте/кеш емес EDTO қосалқы әуеайлақ	Өзгеріс басталғаннан бері ескеріледі	Өзгеріс басталған сәттен ескеріледі	Өзгеріс аяқталған сәттен бастап ескеріледі	Қонуға арналған қолданылатын минимумдардан төмен болса, ескеріледі	Қонуға арналған қолданылатын минимумдардан төмен болса, ескеріледі		
	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;	Желдің орташа көрсеткіші: талап етілетін шамаларда;		
	Бүйірден соққан жел кезінде шамалардан асатын ұйытқулар ескеріледі	Бүйірден соққан жел кезінде шамалардан асатын ұйытқулар ескеріледі	Бүйірден соққан жел кезінде шамалардан асатын ұйытқулар ескеріледі	Бүйірден соққан жел кезінде шамалардан асатын ұйытқулар ескеріледі	Бүйірден соққан жел кезінде шамалардан асатын ұйытқулар ескеріледі		

Ескерту 1: «Талап етілетін шектеулер» ҰҚН-да көрсетіледі.
* The space following «FM» should always include a time group e.g. «FM 1030».
* «FM» қысқартуы әрқашан да уақыт тобында қосылуы тиіс, мысалы, «FM 1030».

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларға 22-қосымшасы

Минималды навигациялық сипаттамаларға (MNPS) қойылатын техникалық талаптар көзделген әуе кеңістіктеріндегі ұшу тұжырымдамасы

1. MNPS әуе кеңістігіндегі ұшулар ӘК тіркелген уәкілетті органның немесе мемлекеттің тиісті рұқсаттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

2. Әуе кеңістігінің белгілі учаскелерінде ұшқан кезде өңірлік аэронавигациялық келісімге сәйкес минималды навигациялық сипаттамаларға қойылған техникалық талаптар көзделген (бұдан әрі - MNPS), ӘК бортында навигациялық жабдық орнатылады, ол:

1) ұшу экипажына жол желісін ұстанудың үздіксіз индикациясын не осы жол желісі бойындағы кез келген жерде дәлдіктің талап етілетін дәрежесімен одан ауытқуды қамтамасыз етеді;

2) MNPS сәйкес ұшуларды қолдану үшін пайдаланушы мемлекеті рұқсат етеді.

3. MNPS навигацияларына екі талап қойылған:

1) навигацияның дәлдігі;

2) тиісті пайдалану сипаттамаларына сәйкес резервтік навигациялық құралдың болуы.

4. MNPS әуе кеңістігінде ұшатын ӘК, мынадай құралдармен жабдықталады:

қашықтық навигацияның екі жарамды жүйесімен (бұдан әрі - LRNS). LRNS ретінде мынадай жүйелердің бірі бола алады:

1) бір инерциялық навигация жүйесі (INS);

2) бір спутниктік навигациялық жүйе (GNSS);

3) датчик ретінде бір немесе одан да көп инерциялық жүйелер (IRS) не MNPS талаптарына сай келетін басқа да кез келген жүйені пайдаланатын бір кешенді навигациялық жүйе.

5. MNPS пайдалану тұжырымдамасын уәкілетті органнан алу үшін, пайдаланушы мыналарды дәлелдейді:

MNPS әуе кеңістігінде ұшуларды қамтамасыз ететін навигациялық жабдық, биіктікті өлшеу құралдары талап етілетін сипаттамаларға сай келуін;

MNPS әуе кеңістігінде ұшуларға рұқсат беру үшін ұшу экипажы мүшелерінің дайындық бағдарламасының болуын;

пайдалану қағидаларға сәйкестігін көрсете отырып рәсімдердің болуын:

1) минималды жабдықтың тізімі (MEL), ол MNPS-пен әуе кеңістігінде ұшуға қажет минималды жабдықты белгілейді.

2) ұшу экипажының құрамы мен тәжірибесіне қойылатын талаптар;

3) стандартты рәсімдер кезінде;

4) күтпеген жағдайда, тиісті әуе кеңістігіне жауапты орган белгілеген жағдайларды қоса рәсімдер әзірленген.

5) хабарламаны бақылау және ұсыну;

6) Техникалық қызмет көрсету бағдарламасына толықтырулар әзірленді.

6. MNPS әуе кеңістігінде ӘК ұшуға рұқсат беруі пайдаланушы сертификатының пайдалану ерекшеліктеріне жазылады.

Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларға 23-қосымшасы

Нысан

Көзбен шолып ұшулардың және АҰҚ/IAP аспаптары бойынша ұшулардың схемаларын ұшу тексеру актісі

_____
(ҰРТЖ және байланыстың жерүсті құралдарын пайдалануды жүзеге асыратын ұйым/ ӘҚБ үшін ҰРТЖ және байланыс құралдарының дабылдарын пайдаланатын ұйым атауы)

БЕКІТУГЕ ҰСЫНАМЫН	БЕКІТЕМІН
_____ (АҰҚ/IAP аспаптары бойынша ұшу схемасы үшін пайдаланылатын ҰРТЖ құралдарын пайдалануға жауапты тұлға)	_____ (АҰҚ/IAP аспаптары бойынша ұшу схемаларын пайдалануды жүзеге асыратын ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес ____ басшы лауазымының атауы) _____
_____ (құрылтай құжаттарына сәйкес ұйым атауы)	_____ (қолы) (аты-жөні, тегі) М.О.
_____ (қолы) (аты-жөні, тегі)	_____ ж. « _____»
_____ ж. « _____»	

Аспаптар бойынша ұшу схемаларын (көзбен шолып ұшу схемалары) ұшу тексеру

_____
(АҰҚ/IAP схемаларының үлгісі: әуе жолы, әуе жолынан тыс бағыт, қонуға кіру схемасы, әуежайдың (әуе торабының) ұшып келу мен ұшып шығу бағыттарының және т.б. схемасы)

_____
(әуежай/әуе торабы атауы)

20__ ж.»___»_____ 20__ ж.»___»_____аралығындағы кезеңде_ № _ ұшуды бақылау аппаратурасымен жабдықталған борт. № ___,____ ЗӘК экипажы

_____
(АЛК үлгісі) (раст. нөмірі) (ЗӘК пайдаланатын авиакәсіпорын атауы), (ұшу тексеруінің түрі: енгізу, жылдық, арнайы)

_____
(АҰҚ/IAP схемасының үлгісі:№... әуе жолы, ҚМБ-дан - _____°қонуға кіру схемасы, ұшып келу мен ұшып шығу бағыттарының схемасы, FSM схемасы және т.б.)

Ұшу тексеруін мыналар орындаған:

Зертхана - ӘКК	_____ (тегі, аты-жөні)
Борттық инженер – ұшу зертханасының сынаушысы	_____ (тегі, аты-жөні)
АҰҚ/IAP схемалары жөніндегі маман(қажеттілігіне қарай)	_____ (тегі, аты-жөні)
ӘҚҚ қызметінің өкілі	_____ (тегі, аты-жөні)
Объект басшысы _____	_____ (тегі, аты-жөні)
(АҰҚ/IAP схемасына арналған құралды пайдалануға жауапты тұлға)	

АҰҚ/IAP схемасының ұшу тексеруі

_____
(АҰҚ/IAP схемасының үлгісі: № ... әуе жолы, ҚМБ-дан қонуға кіру схемасы және т.б.)
№ _____
(раст. нөмірі) (АҰҚ/IAP схемасы бойынша ұшуды қамтамасыз етуге арналған ҰРТЖ құралының үлгісі)

параметрлерін өлшеу _____ 2___ ж. «___» «_____» № _____ бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасы АА әуеайлақтарында көзбен шолып ұшу және аспаптар бойынша ұшу схемаларын айналып ұшу жөніндегі бағдарламаға» сәйкес жүргізілді. Тексеру мен өлшеу нәтижелері ұшу тексеруі актісіне қоса берілген кестелерде келтірілген.

ҚОРЫТЫНДЫ

_____ дабылдарын пайдалана отырып
(раст. нөмірі) (АҰҚ/IAP схемасы бойынша ұшуды қамтамасыз етуге арналған ҰРТЖ құралының үлгісі)
_____ әуежайынан (әуе торабынан) АҰҚ/IAP аспаптары бойынша ұшу схемасы
(атауы)
_____ әуе жолы,
ҚМБ-дан қонуға кіру схемасы және т.б..)
ИКАО «ӘК-лерінің ұшуын жүргізу» (№ (Doc 8168 OPS/611 (PANS-OPS) құжатының және әуежайдың/әуе торабының қолданыстағы аэронавигациялық паспорты талаптарына сәйкес келеді (сәйкес келмесе себебі көрсетілуі керек) және шектеусіз (шектеулері болса себебі көрсетілуі керек) аспаптар бойынша ӘК ұшуын қамтамасыз ету үшін жарамды.

Қосымша: Схеманы ұшу тексеруінің және ҰРТЖ жерүсті құралының параметрлері мен сипаттамаларын тексеру және өлшеу нәтижелерінің кестесі (лері)

_____
(АҰҚ/IAP схемасы бойынша ұшуды қамтамасыз етуге арналған ҰРТЖ құралының үлгісі
№ _____ 2 дана, _____ парақ.
(раст. нөмірі)

Акт 3 (5) данада жасалды

(Жалғасы. Басы 24-бетте)

(ерекше маңызы бар концессиялық жоба бойынша) немесе мәслихат шешімін қабылдау қорытындысы бойынша концессия шартының келісу нәтижелері ескеріле отырып, конкурс жеңімпазымен концессия шарты жасалады;»;

мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

«10-1) концессия шартын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің тіркеуі;»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Конкурстық өтінім конкурсқа қатысуға үміткер әлеуетті концессионердің конкурстық құжаттамада көзделген талаптар мен шарттарға сәйкес концессиялық жобаны іске асыруды жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Үздік концессиялық өтінім деп танылған концессиялық өтінімді нақтылау келіссөздер жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Келіссөздер барысында конкурстың шарттарына, сондай-ақ концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамаларына өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Концессия нысаны, концессия мерзімі және концессия объектісінің техникалық параметрлері конкурстың шарттары деп түсініледі.

Конкурсқа қатысушының атауы, конкурстық құжаттамада белгіленген конкурсқа қатысу өтінімінің нысаны, конкурстық өтінімді қамтамасыз ету мөлшері концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамалары деп түсініледі.

Заңның 20-бабының 4-1-тармағына сәйкес егер ұлттық валюта бағамы айтарлықтай өзгерген болса, ерекше маңызы бар жобалар бойынша конкурс талаптарына, сондай-ақ концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамаларына конкурс өткізу барысында өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат етіледі.

Конкурс талаптарына, оның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарының құны және мемлекеттің төлемдері бойынша, сондай-ақ концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім келіссөздер хаттамасы негізінде жүзеге асырылады және комиссияның шешімдері Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылады.

Конкурстың шарттарына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу кезінде, сондай-ақ бастапқы параметрлері мен маңыздылығы ерекше жобалар бойынша 20-баптың 4-1-тармағына сәйкес тиісті шешімдер комиссияның хаттамалық шешімімен ресімделеді.

Бұл ретте, конкурстық құжатламаны қосымша келісу және сараптама жүргізу талап етілмейді.»;

19-тармақтың 3) тармақшасының он үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Әлеуетті концессионер конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттамада келтірілген маркетингтік және (немесе) институционалдық және (немесе) әлеуметтік-экономикалық шешімдерді қабылдаған жағдайда, тиісті бөлімнің осы шешімдері концессиялық өтінімнің құрамында ТЭН әзірлеу кезінде пайдаланылады (екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайда);»;

49 және 50 тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға концессиялық өтінімдерді оларға сараптама жүргізу үшін жолдайды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық өтінім түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде сараптама жүргізу үшін оны концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйымға не Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаларға жолдайды.

Концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым немесе Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалар концессиялық өтінімдерге сараптаманы олар ұсынылған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның концессиялық өтінімдерді жалпы қарау мерзімі 25 (жиырма бес) жұмыс күнін құрайды.

50. Комиссия конкурсқа қатысушылар ұсынған барлық конкурстық өтінімдерді конкурстық құжатама талаптарына сәйкестігін, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның концессиялық өтінім және әлеуетті концессионерлердің біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша қорытындыларын ескере отырып қарайды және үздік концессиялық өтінімді айқындайды, ол туралы хаттама жасайды, оған Комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

Егер белгіленген мерзімде конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық өтінімдер келіп түспесе не барлық ұсынылған конкурстық өтінімдер конкурстық құжатама талаптарына сәйкес келмесе, онда конкурс өтпеген болып есептеледі.

Егер бір конкурстық өтінім ғана ұсынылған жағдайда, бұл өтінімді комиссия осы тармақтың бірінші бөлігіне сәйкес қарайды.»;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«53. Конкурсқа қатысушы конкурсты ұйымдастырушымен келісім бойынша келіссөздерге банкнотты, қаржы ұйымдарын, тәуелсіз сарапшыларды және өзге де мүдделі ұшінші тұлғаларды тарта алады.

Келіссөздер қорытындылары конкурс ұйымдастырушының уәкілеті тұлғалары мен конкурсқа қатысушы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша олардың нәтижелері туралы комиссияның тиісті шешімі қабылданады.

Келіссөздер барысында конкурстың талаптарына, сондай-ақ концессиялық өтінімнің бастапқы параметрлері мен сипаттамаларына, «Концессиялар туралы» Заңның 20 бабының 4-1-тармағына көзделген жағдайды қоспағанда, өзгерістер енгізуге жол берілмейді.»;

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Келіссөздер жүргізу қорытындылары бойынша конкурсты ұйымдастырушы концессия шарттарының жобаларын, оның ішінде оларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде, үздік концессиялық өтінімді айқындау туралы хаттама көшірмелерін, концессиялық жоба мен концессия шартының талаптарын нақтылау бойынша концессиялық өтінімі үздік деп танылған Комиссия мен конкурсқа қатысушының арасындағы келіссөздер хаттамаларының көшірмелерін қоса бере отырып, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігін және (немесе) мемлекеттік кепілдікті ұсынуды көздейтін концессиялық жобалар бойынша бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесін орталық және жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілеті органға және табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын концессиялық жоба бойынша табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға келісуге жолдайды.

Концессия шартының мазмұны Заңның 21-бабына сәйкес айқындалады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган концессия шартының жобасы түскен сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оны сараптама жүргізу үшін Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаларға жібереді.

Сараптама концессия шартының жобасы жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаларға түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Орталық немесе жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде концессия шартының жобасын келіседі не ескертулерді жою бойынша әзірленген ұсынымдарды қоса бере отырып, конкурсты ұйымдастырушыға дәлелді ескертулер жолдайды. Жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалар жүргізген сараптама нәтижелерін қоса береді.

Концессия шарттарының жобасын келісу, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, келісу туралы немесе келіспеу себептерін көрсете отырып келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді.

Концессия шарттарының, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде, сондай-ақ қосымша материалдарды:

1) конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжатамаға қосымшалардың электрондық көшірмелерін ұсына отырып, бірінші басшының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолы қойылған титулдық бланкте жеке іспесле хатпен ұсынады;

2) конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысы не оны алмастыратын тұлға қол қояды;

3) конкурсты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің басшысы әрбір парақка қол қояды.

Конкурсты ұйымдастырушы ақпаратты толық көлемде ұсынбаған, сондай-ақ концессия шартының жобасында көзделген қосымша ақпаратты, оның ішінде концессия шарттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде ұсыну қажет болған жағдайда, Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалар қажетті қосымша ақпарат ұсынуды талап ете алады.

Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалар, қажет болған жағдайда, сұрау салудың көшірмесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілеті органға жібере отырып, құжаттар пакеті түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсты ұйымдастырушыға жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпарат ұсыну жөнінде сұрау салуды жібереді.

Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты бір мезгілде жергілікті жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға және Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаларға ұсынады немесе ақпарат ұсыну үшін қосымша, бірақ күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімнің қажет екендігі туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, сұрау салу жіберілген күннен бастап және қосымша ақпарат ұсынғанға дейін сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатылта тұрады.

Концессия шарттарының жобалары пысықталған, оның ішінде жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғалардың сараптама нәтижелеріне сәйкес оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы келіссөздерді жаңарту туралы шешім қабылдайды.

Пысықталған концессия шартының жобасы келіссөздер қорытындылары бойынша қайтадан орталық немесе жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға келісуге жіберіледі.

Жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган сараптама жүргізу үшін қайтадан пысықталған шарттың жобасын Заңның 13-бабы 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда жергілікті атқарушы орган айқындайтын заңды тұлғаларға жібереді.

Орталық және жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессия шарттарының жобаларын, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде концессия шарты жобасының сәйкестігі не оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың МЖӨ-нің және концессияның негізгі қағидаттарына сәйкестігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының МЖӨ және концессия саласындағы қолданыстағы заңнамасы талаптарының сақталуы бөлігінде келіседі.»;

57 және 58-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган концессия шартының жобасын, оның ішінде концессия шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру мен бекіту тәртібі бөлігінде, ол ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі не конкурсты ұйымдастырушыға дәлелді ескертулер жолдайды.

Концессия шартының жобасын реттеліп көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) арналған тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) қалыптастыру мен бекіту тәртібі бөлігінде кезінде табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган инвестициялық бағдарламаны жөне:

1) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін шығындарды қалыптастыруды;

2) шикізат, материалдар, отын, энергия шығысының, сондай-ақ нормативтік техникалық шығындардың техникалық және технологиялық нормалары шегінде шығыстар баптарын қалыптастыруды;

3) тарифті (баға, алым мөлшерлемесін) қалыптастырған кезде есепке алынбайтын шығыстар тізбесін белгілеуді;

4) инвестициялар көлемі және инвестицияланған капиталды қайтару тәртібін;

5) тарифке (бағаға, алым мөлшерлемесіне) енгізілетін пайданы қалыптастыру мен шектеуді;

6) негізгі құралдардың тозуын есептеу әдістерін қолдануды;

7) концессия объектісін пайдалану сапасының өлшемшарттарын;

8) объектіні пайдалану сапасын айқындау тәртібін;

9) үшінші тұлғаларға концессия объектісін шектеуді нысаналы пайдалануды ұсынуды;

10) объектілерге күрделі жөндеу жүргізуді немесе оларды жаңғыртуды қаржыландыру мерзімдері (кезеңдері) мен көздерін;

11) тарифтерді қалыптастырмен және бекітумен байланысты концессионердің құқықтары мен міндеттерін;

12) негізгі құралдарға және табиғи монополия субъектісінің тарифтік сметасында көзделген амортизациялық аударымдар қаражатын пайдалану бағыттарына қайта бағалау жүргізуді;

13) концессиялық жоба бойынша өндірілетін өнімдердің, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің көлемі мен сапасын бақылауды жүзеге асыруды қоса алғанда, табиғи монополиялар салаларындағы қызметін бақылауды айқындайтын концессия шартының ережелерін келіседі.

58. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурстың қорытындылары бойынша Комиссия шешімімен үздік концессиялық өтінім айқындалады, ал өтінім беруші конкурстың жеңімпазы болып танылады.

Егер концессиялық жобаны қаржыландыру мемлекеттік кепілдікпен және (немесе) мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қаржыдар есебінен болжанатын болса, Комиссияның конкурстың қорытындылары туралы шешімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілеті органның концессиялық жобасының қаржылық сараптамасының қорытындысы ескеріле отырып, бюджет заңнамасына сәйкес қабылданады.»;

мынадай мазмұндағы 62 және 63-тармақтармен толықтырылсын:

«62. Конкурсты ұйымдастырушы (концедент) концессия шартын тіркеуді Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен қамтамасыз етеді.

63. Ерекше маңызы бар концессиялық жобаларды іске асыру үшін концедент, концессионер және концессионердің кредиторлары арасындағы тікелей келісімді жасау мынадай реттіліктегі кезеңдерден тұрады:

Заңның 26-2-бабына сәйкес концессионер және (немесе) концессионердің кредиторы концедентке тікелей келісімнің жобасын ұсынады;

концедент тікелей келісімнің жобасын қарайды және оны Заңның 19-бабының 4-тармағына сәйкес ерекше маңызы бар концессиялық жобалар бойынша Премьер-Министрдің өкімімен құрылатын Комиссияның отырысына шығарады;

Комиссия тікелей келісімнің жобасын қарайды және қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулығына сәйкес сарапшыларды тартады;

Комиссия тікелей келісім тараптарының келіссөздері қорытындысы бойынша тікелей келісімнің түпкілікті жобасын мақұлдайды;

тікелей келісімде мемлекеттік бюджеттен шығатын шығыстары бар ережелер болса, аталған мәселе Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылады;

Концессиялар жөніндегі комиссия және Республикалық бюджет комиссиясының шешімдері негізінде тікелей келісім жасасу.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Концессия шарттарына мониторинг жүргізу, концессиялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе көлемін ұлғайту үшін концессиялық жобаларды іріктеу қағидаларында:

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде концедент қаржылық және экономикалық сараптаманың қорытындыларын ескере отырып, концессия шартына өзгерістер мен толықтырулар жобасын әзірлейді және оны мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органдарға, сондай-ақ егер концессиялық жоба табиғи монополиялар салаларында іске асырылатын жағдайда, табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға келісуге жібереді.

29. Мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілеті органдардың, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның концессия шартына өзгерістер мен толықтырулар жобасына келісімі алынғаннан кейін концессия шартына қосымша келісім жасалады, ол Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелуге жатады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарда:

2-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) концессиялық жобаның орындылығы - жобаның мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі (іске асыру мерзіміне, қаржыландыру көздеріне және т.б. сәйкестігі) және/немесе ТЭН-нің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы бар инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі;»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Конкурстық құжатаманы, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді сараптауға қойылатын талаптар осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12717 болып тіркелген, нормативтік құқықтық актілердің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 4 ақпанда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың қағидалары осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Іске асырылуы жоспарланған Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесін бекіту тәртібін осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекет кепілгерліктерін беру немесе олардың көлемін ұлғайту үшін мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іріктеу тәртібінде:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемлекет кепілгерлігі республикалық бюджет туралы заңда белгіленген лимит шегінде, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 229-бабының 9-тармақшасына сәйкес тиісті кезеңге мемлекет кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қаржыдар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӨ жобалары тізбесіне енгізілген МЖӨ жобалары бойынша беріледі.

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган мемлекет кепілгерлігін беруді көздейтін МЖӨ жобасының конкурстық құжатамасын (бұдан әрі – конкурстық құжатама) келісу кезінде конкурстық құжатаманы немесе МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын (тікелей келіссөздер бойынша) әзірлеуші ұсынған мемлекет кепілгерлігінің көлемін және мемлекет кепілгерлігін берумен байланысты конкурстық құжатаманың елеулі талаптарын келіседі.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган конкурстық құжатаманы, МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын (тікелей келіссөздер бойынша) келісудің нәтижелері бойынша мемлекет кепілгерлігінің көлемін көрсете отырып, кезекті қаржы жылының лимиті шегінде мемлекет кепілгерлігі берілуі мүмкін МЖӨ жобалары тізбесінің жобасын Республикалық бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Жекеше әріптес қызметіне мемлекеттік қолдау көрсете отырып, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізу, әлеуетті жекеше әріптеспен қызметіне мемлекеттік қолдау көрсете отырып, тікелей келіссөздер бойынша шарт жасасу, МЖӨ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігі Қазақстан Республикасы Үкіметі мемлекеттің кепілгерлігімен тартылатын мемлекеттік емес қаржыдар есебінен қаржыландыруға ұсынылатын МЖӨ жобаларының тізбесі бекітілгеннен кейін жүзеге асырылады.»;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Әлеуетті жекеше әріптес (қарыз алушы) мемлекет кепілгерлігін алу үшін осы бұйрықпен бекітілген МЖӨ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына сәйкес МЖӨ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігін ұсынуды көздейтін конкурстық өтінімді конкурсты ұйымдастырушыға ұсынады.

Әлеуетті жекеше әріптес (қарыз алушы) тікелей келіссөздер бойынша мемлекет кепілгерлігін алу үшін осы бұйрықпен бекітілген МЖӨ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына сәйкес МЖӨ шарттарының шеңберінде инфрақұрылымдық облигациялар бойынша мемлекет кепілгерлігін ұсынуды көздейтін МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын тікелей келіссөздерді ұйымдастырушыға ұсынады.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ оларға қажетті сараптамалар жүргізуге қойылатын талаптарда:

2-тармақшасының 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) МЖӨ жобасының орындылығы – жобаның Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкестігі (іске асыру кезеңіне, қаржыландыру көздеріне және т.б. сәйкестігі) және/немесе МЖӨ жобасының ТЭН-інің мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның оң қорытындысы бар инвестициялық ұсынысқа сәйкестігі;;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес редакцияда «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектісін құру және (немесе) реконструкциялау құнын және мемлекеттік-жекешелік әріптестік субъектілерін мемлекеттік қолдау мен шығындарын өтеу көздерінің жиынтық құнын есептеу әдістемесі» 7-қосымшамен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының
2018 жылғы 27 ақпандағы №80 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің
2014 жылғы 22 желтоқсандағы №157 бұйрығына 1-қосымша

Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу қағидалары

1-тарау . Жалпы ережелер

1. Осы Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Концессиялар туралы» 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 7-6) тармақшасына және «Табиғи монополиялар» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 1-тармағының 4-5) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Қағидалар концессиялық жобаларды ұсынуды, қарауды және іріктеуді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) алдын ала есептеулер - жорамалдарды көрсете отырып, концессиялық жобаның операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің кіріс және шығыс бөлігі бойынша есептеулер. Алдын ала есептеулер ашып көрсететін формулалары бар MS Excel форматында қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады;

2) республикалық жоба - республикалық меншікке жататын объектілер бойынша (жұмыс істеп тұрған немесе салынуы болжанып отырған) іске асырылатын және/немесе концессиялық жобаны іске асырудан экономикалық пайда алушылар екі және одан көп облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылатын және Заңның 12-бабына сәйкес іске асырылатын концессиялық жоба;

3) жергілікті жоба - коммуналдық меншікке жататын объектілер бойынша (жұмыс істеп тұрған немесе салынуы болжанып отырған) іске асырылатын және/немесе концессиялық жобаны іске асырудан экономикалық пайда алушылар бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың субъектілері болып табылатын және Заңның 13-бабына сәйкес іске асырылатын концессиялық жоба.

4. Заңның 20-бабының 1-тармағына сәйкес конкурсты ұйымдастырушы, конкурстық құжаттаманы, концессия шарттарының жобаларын пысықтау, сондай-ақ әлеуетті концессионерлермен келіссөздерге қатысу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдар айқындаған концессиялық жобалары консультациялық қолдау бойынша заңды тұлғаларды тарта алады.

Орталық немесе жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша қызметтерді көрсетуге арналған қорытындыны тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Бюджет комиссиялары мақұлдаған әрбір концессиялық жобаны консультациялық қолдау жөніндегі қызметтерді қаржыландыру көлемі бойынша мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган концессиялық жобаларды консультациялық қолдау бойынша қызметтер тізбесін қалыптастырады, оны мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның тиісті бөлінген бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырады.

5. Орта мерзімді кезеңде концессияға беруге ұсынылатын объектілердің тізбесін (бұдан әрі – тізбе) Заңның 16-бабына сәйкес мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады.

Тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органы Қазақстан Республикасының Үкіметіне іске асыру жоспарланып отырған концессиялық жобаны аса маңызды концессиялық жобалар тізбесіне енгізу бойынша ұсыныстар енгізеді.

6. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайларда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 20-күніне дейін осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік инвестициялық жобалардың инвестициялық ұсыныстарының (оны концессиялық жоба ретінде іске асырудың орындылығы айқындалған жағдайда), конкурстық құжаттамалардың өтуі туралы хабарлайды.

2-тарау. Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу тәртібі

7. Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу процесі мынадай өзара байланысты кезеңдерден тұрады:

1) әзірлеуші мемлекеттік органның бірінші басшысының не конкурстық құжаттаманы әзірлеуге жауапты мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшесінің оны алмастыратын тұлғасының конкурстық құжаттаманы айқындауы және бекіту.

Мемлекеттік орган конкурстық құжатама әзірлеу үшін ведомстволық бағынысты ұйымдарды, тәуелсіз сарапшыларды, жобалау, инжиниринг, консалтингтік және басқа да компанияларды, сондай-ақ мүдделі мемлекеттік органдарды тарту жолымен жобалау тобын құра алады.

Жобалау тобы қызметінің мақсаты осы немесе өзге салада/аяда/өңірде концессиялық жобаны іске асырудың дәлелденген қажеттілігімен бірге конкурстық құжатама әзірлеу болып табылады.

Жобалау тобы мынадай функцияларды жүзеге асырады:

концессиялық жобаны іске асыру бойынша келіп түскен ұсыныстар мен бастамаларды зерделейді, іріктейді, бағалайды, олардың басымдылығын айқындайды, келісімшарттың, конкурстың түрін және концессиялық жобаның өзге де түйінді параметрлерін айқындайды;

жоспарланған концессиялық жоба бойынша маркетингтік және өзге де қажетті зерттеулерді жүргізеді;

барлық қажетті есептеулерді, оның ішінде концессиялық жобаның алдын ала есептеулерін әзірлеуді жүргізеді;

2) концессиялық жобаны іске асырудың орындылығы туралы мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына экономикалық қорытындыны қоса бере отырып, концессиялық жоба бойынша конкурстық құжатамаларын әзірлеу немесе тәжірибе, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізу мәселесін одан әрі тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін әзірлеуші мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті атқарушы органға өтінімді енгізеді;

3) республикалық жобалар бойынша конкурстық құжатаманы әзірлеуші мемлекеттік органның өтінімі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган концессиялық жобалардың конкурстық құжатамаларын, оның ішінде техникалық экономикалық негіздемені (бұдан әрі – ТЭН) әзірлеуге, түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге арналған әзірленген жобалау-сметалық құжатамалары (бұдан әрі – ЖСҚ) бар, сондай-ақ техникалық күрделі болып табылмайтын, концессия объектісінің нақты алаңына қолда бар ЖСҚ байланыстыра отырып, үлгі жобалар, үлгі жобалық шешімдер және қайта қолдану жобаларының негізінде іске асырылатын жобалар бойынша қорытындыны қалыптастырады және Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарады.

Конкурстық құжатаманы әзірлеуші мемлекеттік органның жергілікті жобалар бойынша сараптаманың оң қорытындысы қоса берілген өтінімі негізінде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган концессиялық жобалардың конкурстық құжатамаларын, оның ішінде ТЭН-ін әзірлеуге, түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге арналған әзірленген жобалау-сметалық құжатамалары (бұдан әрі – ЖСҚ) бар, сондай-ақ техникалық күрделі болып табылмайтын, концессия объектісінің нақты алаңына қолда бар ЖСҚ байланыстыра отырып, үлгі жобалар, үлгі жобалық шешімдер және қайта қолдану жобаларының негізінде іске асырылатын жобалар бойынша қорытындыны қалыптастырады және тиісті бюджет комиссиясының қарауына енгізеді;

4) конкурстық құжатаманы әзірлеу, түзету, қажетті сараптамалар жүргізу және бекіту:

екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланбай концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізген жағдайларда:

конкурс ұйымдастырушының конкурстық құжатаманы, оның ішінде концессиялық жобаның ТЭН-ін әзірлеуі.

Әзірленген ЖСҚ бар, сондай-ақ техникалық күрделі болып табылмайтын, үлгі жобалар, үлгі жобалық шешімдер және қайта қолдану жобаларының негізінде іске асырылатын жобалар бойынша техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу талап етілмейді.

Конкурстық құжатаманы әзірлеу немесе түзету қолда бар ЖСҚ-ны концессия объектісінің нақты алаңына байланыстыра отырып жүзеге асырылады.

Қолда бар ЖСҚ-ны концессия объектісінің нақты алаңына байланыстыру концессиялық жобалардың конкурстық құжатамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуге бөлінген қаражат шеңберінде, Қазақстан Республикасының саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамасында ескере отырып, жүзеге асырылады;

республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, сондай-ақ концессиялық жоба табиғи монополиялар салаларына жататын жағдайда, табиғи монополия салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімін растайтын құжаттары қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес алдын ала қажетті сараптамалардан өткен конкурстық құжатаманы, концессиялық жобаның ТЭН-ін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға не Заңның 13-бабының 3-2) тармақшасында белгіленген жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынуы;

мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар осы жобаны бюджеттен қоса қаржыландыру мүмкіндігі туралы ұсынымды қамтитын конкурстық құжатама сараптамасының оң қорытындысы негізінде концессиялық жобалар бойынша қорытындылар қалыптастырады және тиісті бюджет комиссияларының қарауына енгізеді;

тиісті бюджет комиссиялары шешімінің негізінде конкурстық құжатаманы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның бекітуі;

екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізген жағдайларда:

конкурсты ұйымдастырушының техникалық тапсырманы қалыптастыруы, конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжатаманы әзірлеуі;

республикалық меншікке жататын объектілерге қатысты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның, сондай-ақ концессиялық жоба табиғи монополиялар салаларына жататын жағдайда, табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісімін растайтын құжаттарды

(Жалғасы. Басы 24-25-беттерде)

17. Концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым табыс ету мерзімін көрсете отырып, тиісті хабарлама жіберу арқылы бағалау жүргізу үшін қажетті жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты өз бетінше сұратады және алады.

Егер концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалауға арналған ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті хабарлама жібереді.

Хабарламада тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының Қағидалардың осы тармағының талаптарын орындамағаны туралы, сондай-ақ осы орындамауды Үкіметке енгізуге арналған жиынтық есепте көрсету туралы ұсыным көрсетіледі.

18. Жобалық басқару стандарттары қолданылған осы мониторингілеу деректері негізінде концессия шартына сәйкес жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді талдау процесі концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау болып табылады.

19. Концессиялық жобаларды басқару сапасын жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтитын есеп концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижесі болып табылады.

Концессиялық мәселелер жөніндегі мамандандырылған ұйым концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау шеңберінде талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша концессиялар саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдары бар талдамалық есеп дайындайды.

Концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау есебінің құрылымы мыналардан тұрады:

қорытындылары мен ұсынымдары бар концессиялық жобаларды бағалау жөніндегі жиынтық ақпарат;

есептің негізгі бөлігі;

салыстырма кестені қоса бере отырып (қажет болған жағдайда) концессия саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар.

Есепке концессиялық жобаның атауы, құны, мақсаты, іске асырылу мерзімі, концедент пен концессионердің атауы, сондай-ақ концессиялық жобаның ағымдағы мәртебесі қамтылған әрбір концессиялық жоба жөніндегі қысқаша ақпарат қоса беріледі.

Ерекше маңызы бар концессиялық жобалар бойынша, қажет болған жағдайда, осындай жобалардың іске асырылуына жеке бағалау жүргізіледі.

20. Концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін концессия мәселелер жөніндегі мамандандырылған ұйым мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган концессия мәселелер жөніндегі мамандандырылған ұйымның есебі деректерді Тізілімге енгізу үшін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, концессиялық жобалардың іске асырылуын бағалау нәтижелерін коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдарына, концедентке және концессионерге жібереді.

Концессия шарттарына мониторинг жүргізу, концессиялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау қағидаларына 1-қосымша

Нысан

Мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы мәмілелер туралы есеп

Р/с №	Мәміле түрі (қосымша жалдау, кепіл, жақсартулар жүргізу, иелігін шығару)	Мәміле деректемелері				Мәміле нысанасы болып табылатын мемлекеттік мүліктің сипаттамасы мен құны
		шарттың нөмірі мен күні	мәміле тарап-тары	мәмілені орындау мерзімдері	мәміледе көзделген төлемдерді төлеу шарттары немесе енгізу тәртібі	

Концессия шарттарына мониторинг жүргізу, концессиялық жобаларға мониторинг жүргізу және олардың іске асырылуын бағалау қағидаларына 2-қосымша

Нысан

Концессиялық жобалардың іске асырылуын мониторингілеу, коммуналдық меншікке жататын концессия объектілері бойынша концессия шарттарын мониторингілеу жөніндегі ақпарат

Концессиялық жобасының атауы	
Шарттың нысанасы	
Концедент	
Концессионер	
Инвестициялық шығындардың өтемақысы, мың теңге, барлығы	
Пайдалану шығындардың өтемақысы, мың теңге, барлығы	
Басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы, мың теңге, барлығы	
Жалдау төлемақысы, мың теңге, барлығы	
Қолжетімділігі үшін төлемақы, мың теңге, барлығы	
«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары	
Жобаны басқару жөніндегі топтың болуы	

	Тексеру оқиғалары	Өлшеу	Жоспар	Факт	Ауытқу себептері	Жоспарланған ден қою шаралары (тәуекелдер матрицасы)	Қабылданған/ қабылданатын шаралар	Жобаға әсері, оның тексеру нүктелері: құны, мерзімі, сапасы/ көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі
мерзімдері	Шартқа қол қою (қол қою күні, шарттың нөмірі)	күні						
	Шартты қазынашылық органдарында тіркеу (тіркеу күні, шарттың тіркеу нөмірі)	күні						
	Шарттың күшіне енуі	күні						
	Жер учаскесін беру (күәліктің нөмірі және күні)	күні						
	Құрылысқа рұқсат беру, өзге де рұқсаттамалар (құжаттың түрі мен күні)	күні						
	Қаржылық жабылуы: жобаны қаржылық ресурстармен қамтамасыз ету (кредиттік шарттың күні, нөмірі)	күні						
	Құрылыстың басталуы	күні						
	Құрылыстың аяқталуы	күні						
	Объектіні пайдалануға беру (актінің күні мен нөмірі)	күні						
	Объектіні мемлекеттік меншікке қабылдау (актінің күні, нөмірі)	күні						
	Қарызды өтеу	күні						
	Жалдау төлемдерін төлеу	күні						
	Құқықтарды концессионерге беру (пайдалану, иелену құқығын), басқа да, (актінің, шарттың және т.б. күні, нөмірі)	күні						
құны	Инвестициялық шығындардың өтемақысы (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Пайдалану шығындардың өтемақысы (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Басқаруды жүзеге асырғаны үшін сыйақы (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Концессия объектісін пайдаланғаны үшін жалдау төлемақысы (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Концессия объектісін пайдалану процесінде тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізу (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Қолжетімділігі үшін төлемақы (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда мемлекеттен берілетін субсидиялар (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Меншікті қаражаты	мың теңге						
	Қарызға алынған қаражат	қарыз валютасында, мың теңге						
	Объектіні салу құны	мың теңге						
	Концессия объектісінің құны	мың теңге						
сапасы/ қол жеткізділігі	Пайдалану кезіндегі жұмыс орындары	орындардың саны						
	Түпкілікті нәтиженің көрсеткіштері							
	Концеденттің шарт бойынша міндеттемелерді орындауы: (шарт бойынша міндеттемелер тізбесі көрсетіледі)	шартқа сәйкес						
	Концессионердің шарт бойынша міндеттемелерді орындауы: (шарт бойынша міндеттемелер тізбесі көрсетіледі)	шартқа сәйкес						
	Концессионердің қаржылық жағдайы, оның ішінде:							
	ағымдағы өтімділігі: ағымдағы активтер/ ағымдағы міндеттемелер	коэффициенті						
	меншікті қаражатпен қамтылуы: (меншікті капитал-айналымнан тыс активтер)/ағымдағы активтер	коэффициенті						
	активтердің табыстылығы: (таза пайда/активтердің құны)*100%	коэффициенті						
	тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің сапасы (шарт бойынша сапа критерийлеріне талаптар көрсетіледі)	шартқа сәйкес						
	Концессия шарты шеңберінде жүзеге асырылатын қызмет түрлері	тізбе шартқа сәйкес						
	Концессия шарты бойынша жұмыстарды, көрсетілетін қызметтердің көлемі мен түрлері	шартқа сәйкес заттай мәнінде						
	Құқық белгілейтін құжаттар мен меншік иелері көрсетілген жер учаскесінің болуы							
	Ведомстводан тыс кешенді сараптама қорытындысы бар жобалау-сметалық құжаттың болуы (қорытындының нөмірі мен күні)							
	«Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 14- бабының 1-тармағында көзделген мемлекеттік қолдау шаралары	шартқа сәйкес						
	Қарызды өтеу (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Жалдауды өтеу (ағымдағы күнге)	мың теңге						
	Шығарылатын өнімнің 1 бірлігіне қосылған құн	мың теңге						
	Үздік әлемдік тәжірибе мен инновацияларды қолдану мен енгізу							
	Лизингке, жалға, мүлікті жалдауға берілген концессия объектісінің жағдайы	шартқа сәйкес						
	Концессия объектісінің қор қайтарымы: концессиялық жоба бойынша өндірілген өнімнің жылдық көлемі, мың теңге/концессия объектісінің орташа жылдық құны, мың теңге	коэффициенті						

«Барлық мәліметтің дұрыстығын растаймын» _____ «___» _____ жыл
(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), лауазымды тұлғаның қолы)* (толтыру күні)

Мөрдің орны

Ескертпе:
* Тиісті саланың уәкілетті органының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес; жергілікті деңгейде – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімінің орынбасарынан төмен емес)

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 27 ақпандағы №80 бұйрығына 3-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №157 бұйрығына 6-қосымша

Конкурстық құжаттаманы, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді сараптауға қойылатын талаптар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Конкурстық құжаттаманы, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді сараптауға қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) «Концессиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңы (бұдан әрі - Заң) 9-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Конкурстық құжаттамаларға, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерге сараптама жүргізу кезінде осы Талаптардың сақталуы міндетті болып табылады.

3. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган, мыналарды:

1) конкурстық құжаттаманың, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі сараптамасын;

2) концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдердің сараптамасын жүргізу үшін концессия мәселелер жөніндегі мамандандырылғанұйымды тартады.

4. Осы Талаптарда көзделген негізгі міндеттер:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау;

Заңда белгіленген мемлекеттік-жекешелік әріптестік және концессия қағидаттарын сақтау;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін бағалау;

концессия схемасы бойынша жобаны іске асырудың алдын ала есептеулерін бағалау;

жоба тәуекелдерін бөлуді және басқаруды бағалау;

концессиялық жобаны жоспарлау кезеңінде оны іске асыру бойынша ұсынылатын шешімдердің негізділігін бағалау болып табылады.

5. Конкурстық құжаттамалардың, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдердің сараптамасы осы бұйрықпен бекітілген Концессиялық жобаларды ұсыну, қарау және іріктеу және концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларында (бұдан әрі – Қағидалар) көзделген келісулерді, қорытындылар мен сараптамаларды, сондай-ақ концессия мәселелері жөніндегі мамандандырылған ұйым немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқаушы органдары айқындайтын заңды тұлғалар жүргізген концессиялық жоба бойынша оның алдындағы құжат сараптамасының нәтижелерін (тұжырымдар мен ұсынымдар) ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс.

2-тарау. Конкурстық құжаттаманың, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі сараптамасы

6. Конкурстық құжаттаманың, оның ішінде оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезіндегі сараптаманың нәтижесі оң немесе теріс қорытынды болып табылады, ол мынадай бөліктерден тұрады:

1) сараптама қорытындысының кіріспе бөлігі сараптаманың атауы мен жүргізілу күні туралы мәліметтерді, сондай-ақ концессиялық жоба туралы жалпы ақпаратты қамтиды;

2) сараптама қорытындысының негізгі (талдамалық) бөлігінде осы Қағидаларға сәйкес жүргізілген бағалау нәтижелері көрсетіледі;

3) қорытынды бөлігінде сараптама қорытындылары бойынша әзірленген тұжырымдар мен ұсынымдар жазылады.

Оң қорытынды мүдделі тұлғаларға концессиялық жобаларды басқару сапасын арттыру бойынша, оның ішінде концессиялық жобаны іске асыру тиімділігін және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету бойынша ұсынымдармен қоса түсіндірмелерді қамтуы мүмкін.

Теріс қорытынды дайындалған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманы пысықтауға және оны қайтара сараптамаға енгізуге құқығы бар.

7. Конкурстық құжаттаманың сараптама қорытындысы мыналарды:

конкурстық құжаттаманың паспортын;

конкурстық құжаттаманың Қазақстан Республикасының қолданыстағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі-МЖӘ) және концессия саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкестігін бағалауды;

ақпараттық парақты бағалау, оның ішінде концессионерге ұсыну жоспарланған мемлекеттік қолдау шаралары мен шығындарды өтеу және табыстарды алу көздерін бағалауды;

конкурстық құжатама шарттарын бағалауды;

концессия шарты жобасын бағалауды;

мыналар бойынша конкурс ұйымдастырушыға, концессия жөніндегі Комиссияға, өзге де мүдделі тұлғаларға:

конкурстық құжаттаманың сапасын арттыру;

концессиялық жобаны басқару сапасын арттыру;

концессиялық жобаны іске асыру тиімділігін және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету бойынша ұсынымдарды қамтиды.

8. Екі кезеңдік рәсімдерді пайдаланбай, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу жағдайларында (техникалық күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша) конкурстық құжаттаманы сараптау шеңберінде оның құрамындағы концессиялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (бұдан әрі – ТЭН) бағалау жүргізіледі.

9. Концессиялық жобаның ТЭН бағалау жүргізудің мақсаты ТЭН-де таңдап алынған концессиялық жобаны іске асыру нұсқасының коммерциялық, бюджеттік және әлеуметтік-экономикалық тиімділігін айқындау болып табылады.

10. Концессиялық жобаның ТЭН бағалау нәтижелері (оң – ТЭН-де таңдап алынған концессиялық жобаны іске асыру нұсқасының тиімділігі расталады, немесе теріс – ТЭН-де таңдап алынған концессиялық жобаны іске асыру нұсқасының тиімділігі расталмайды) конкурстық құжаттаманы сарептау нәтижелеріне әсер етеді.

11. Конкурстық құжаттама құрамында концессия шартының жобасын бағалау мыналарды:

1) концессия шартының жобасын Заңның 21-бабына сәйкестігі тұрғысынан талдауды;

2) конкурстық құжатама талаптарына сәйкес концессия шартының жобасын талдауды;

3) сыртқы жағдайлардың өзгеруінің концессиялық жобаны іске асыруға әсерін бағалауды қоса алғанда, концедент пен концессионер тәуекелдерін талдауды;

4) концессионердің қызметін мемлекеттік қолдау шараларын, сондай-ақ концессионер шығындарын өтеу мен кірістерді алу көлемі мен ұсыну шарттарын талдауды;

5) тараптардың жауапкершіліктерін, концессиялық жобаны іске асыру шеңберінде туындауы мүмкін дауларды қарау шарттарын талдауды;

6) конкурстық құжаттама құрамында концессия шартының жобасы бойынша тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтиды.

12. Концессиялық жобаның ТЭН-ін бағалау ұсынылған концессиялық жобаның ТЭН-і және жобаның ерекшелігіне байланысты концессиялық жобаның ТЭН-ін жүргізуге қажетті сараптамалардың тиісті оң қорытындыларының, атап айтқанда:

1) осы бұйрықпен бекітілген Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу қағидаларының 10-тармағының 2) тармақшасының екінші абзацында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ведомстводан тыс кешенді сараптама;

2) тиісті саланың уәкілетті органының сарептамасы;

3) «Қазақстан Даму Банкі туралы» 2001 жылғы 25 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабына сәйкес, мемлекеттік кепілдік берілген жағдайда, банктік сараптама;

4) қажет болған жағдайда, мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама негізінде жүргізіледі.

13. ТЭН бағалау нәтижелері конкурстық құжатама қорытындысының құрамындағы концессиялық жоба ТЭН бағалау бөлімінде көрсетіледі және мыналарды:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының шеңберінде жобаны іске асыруды талдауды;

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдауды;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін талдауды;

мемлекеттік қолдау шараларын көрсетуді және концессионердің шығындарды өтеу және кірістерді алу көздерін айқындауды ескере отырып, жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдауды;

жоба тәуекелдері мен оларды төмендету шараларын талдауды;

тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтиды.

3-тарау. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді сараптау

14. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерге сарептау жүргізудің мақсаты әлеуетті концессионерлердің концессиялық өтінімдерінің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және конкурстық құжаттамаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін айқындау болып табылады.

15. Концессиялық өтінімдерге сарептау жүргізудің нәтижелері бойынша әлеуетті концессионердің концессиялық өтінімдерінің негізгі артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі.

16. Концессиялық өтінімде (оның ішінде ТЭН, екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып, концессионерді таңдау бойынша конкурс өткізілген жағдайларда) ұсынылған шешімдердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан жасалатын қорытынды концессиялық өтінімдердің сараптау нәтижесі болып табылады.

17. Концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдердің сараптамасын қорытындысы мыналарды:

әлеуетті концессионерлердің ТЭН-ін бағалау;

концессия шартының жобасын бағалау.

18. Концессиялық өтінімнің құрамында концессиялық жобаның ТЭН-ін бағалау конкурсқа қатысушының конкурсты ұйымдастырушының ТЭН-інде көзделген техникалық-технологиялық және экологиялық шешімдерді қабылдаған жағдайларды қоспағанда, ведомстводан тыс кешенді сарептаманың қорытындысының бар болуы негізінде жүргізіледі.

19. ТЭН бағалау нәтижелері концессиялық өтінім қорытындысының құрамындағы концессиялық жобаның ТЭН бағалау бөлімінде көрсетіледі және мыналарды:

жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін талдауды;

жобаны іске асырудың коммерциялық тиімділігін талдауды;

жобаны іске асырудың бюджеттік тиімділігін талдауды;

әлеуетті концессионерлер сұратқан мемлекеттік қолдау шараларын, сондай-ақ олар бар болған жағдайда конкурстық құжатамада белгіленген шығындарды өтеу және кірістерді алу көздерін талдауды;

жоба тәуекелдерін мен оларды төмендету шараларын талдауды;

тұжырымдар мен ұсынымдарды қамтиды.

4-тарау. Қорытынды ережелер

21. Конкурстық құжаттаманы, оның ішінде оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде, концессионерді таңдау жөніндегі конкурсты өткізу кезінде конкурсқа қатысушылар ұсынған концессиялық өтінімдерді сараптау Қағидаларда белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 27 ақпандағы №80 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығына 1-қосымша

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 20-бабының 6) тармақшасына сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) субъектілерінің МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру кезеңінде өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету мақсатында әзірленген.

Осы Қағидалардың 2-тарауының 3-параграфын қоспағанда, концессиялық жобаларды жоспарлау және іске асыру Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10122 тіркелген «Концессиялық жобаларды жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы №157 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:

1) алдын ала есептеулер – жорамалдарды көрсете отырып, МЖӘ жобасының операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметінің кіріс және шығыс бөлігі бойынша есептеулер. Алдын ала есептеулер ашып көрсететін формулалары бар Microsoft Office Excel форматында жасалады және қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынылады;

2) уәкілетті тұлға – мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Заңға сәйкес қолданылады.

3. Бөлінетін бюджеттік бағдарлама қаражатын МЖӘ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сарептамаларды жүргізуді, МЖӘ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу жүргізуді қаржыландыруға бөлу осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Жоспарланған және іске асырылатын МЖӘ жобалары туралы ақпаратттық қамтамасыз ету МЖӘ-ні дамыту орталығықұратын тиісті тізбе арқылы жүзеге асырылады.

Тізбені қалыптастыру үшін уәкілетті тұлғалар (мемлекеттік әріптестер) ай сайын ақпаратты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде:

жергілікті жобалар бойынша – мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының аумақтық бөлімшелерін (филиалдарын / өкілдіктерін) бір мезгілде хабардар ете отырып, есепті айдың 20 күніне дейінгі мерзімде ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ұсынылған ақпаратты жинақтайды және есепті айдың 25 күніне дейінгі мерзімде көрсетілген ақпаратты МЖӘ дамыту орталығына бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды және тиісті саланың орталық уәкілетті мемлекеттік органын хабардар ете отырып жолдайды;

республикалық жобалар бойынша – есепті айдың 25 күніне дейінгі мерзімде МЖӘ дамыту орталығына бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды хабардар ете отырып жолдайды.

Уәкілетті тұлғалар жоспарланатын және іске асырылатын МЖӘ жобалары туралы ұсынылатын ақпаратттың толықтығын, сапасын және дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Жоспарланатын және іске асырылатын МЖӘ жобаларының тізбесі МЖӘ дамыту орталығының интернет-ресурсында орналастырылады, уәкілетті тұлғалардың ақпаратты ұсыну нәтижесі бойынша ай сайын жаңартылады.

5. МЖӘ жергілікті жобалары бойынша МЖӘ шарттарын облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары Заңның 25-бабының 5) тармақшасына сәйкес жасасады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдігінің тиісті қаулысымен Заңның 1-бабының 5) тармақшасында көзделген тұлғалардың ішінен МЖӘ шартын жасасу үшін мемлекеттік әріптес айқындалады.

2-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау тәртібі

6. МЖӘ жобаларын жоспарлау МЖӘ жобаларын жоспарлау мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысына берілетін МЖӘ жобасын іске асыру орындылығы туралы экономикалық қорытындының немесе жекеше әріптестік жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде әлеуетті жекеше әріптес әзірлейтін МЖӘ жобасына бизнес-жоспарға (бұдан әрі – бизнес-жоспар) берілетін МЖӘ жобасын іске асыру орындылығы туралы қорытындының негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу «Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

7. МЖӘ жобаларын жоспарлау кезінде бір МЖӘ жобасының іс-шараларын бірнеше МЖӘ жобаларына бөлуге жол берілмейді.

Уәкілетті тұлғалар МЖӘ жобасы бойынша техникалық, қаржылық, зандық шешімдерді қалыптастыруға кешенді тәсілді қамтамасыз етеді.

8. Уәкілетті тұлға МЖӘ жобасын іске асыру қажеттігі туралы шешімді Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының, Қазақтан Республикасы Президенті, Қазақтан Республикасы Үкіметі тапсырмаларының немесе актілерінің негізінде, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің бастамаларын ескере отырып қабылдайды.

МЖӘ жобасының шеңберінде мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқару немесе мүліктік жалдау (жалға алу) шарты бойынша беру туралы шешім мынадай талаптардың бірі:

1) МЖӘ жобасын іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы немесе актісі, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің бастамасы;

2) мемлекеттік қолдау шараларын, мемлекеттен субсидияларды, инвестициялық шығындар өтемақысын, операциялық шығындар өтемақысын, қолжетімділік үшін төлемақыны ұсынуды, сондай-ақ МЖӘ жобасына консультациялық сүйемелдеу жүргізуді болжау;

3) меншік құқығын МЖӘ объектісіне ауыстыруды болжау орын алған жағдайда қабылданады.

9. МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінде уәкілетті тұлғалар, қажет болған жағдайда, жобаны басқару сапасын қамтамасыз ету үшін ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың мамандарын, тәуелсіз сарапшыларды, жобалық, инжинирингтік және басқа компанияларды, мүдделі және уәкілетті мемлекеттік органдарды, кәсіпкерлік субъектілерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерін тарту арқылы Ведомствоаралық жобалық топ құрылады.

Ведомствоаралық жобалық топтың құрамы МЖӘ жобасын іске асыруға мүдделі уәкілетті тұлғаның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Ведомствоаралық жобалық топ мына функцияларды жүзеге асырады:

МЖӘ жобасын іске асыру тетіктері бойынша ұсыныстар мен бастамаларды зерделейді;

МЖӘ жобасының басымдығын, жүзеге асыру тәсілін, конкурстың түрін, жер учаскелерін бөлуге, инженерлік желілерге қосылуға байланысты мәселелерді іріктейді, бағалайды, айқындайды;

жоспарланып отырған МЖӘ жобасы бойынша маркетингтік және өзге де зерттеулердің нәтижелерін зерделейді;

барлық қажетті есептеулерді, оның ішінде МЖӘ жобасының алдын ала есептеулерін зерделейді;

МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасына қосу үшін ұсыныстар әзірлейді;

МЖӘ жобасын жоспарлау кезеңінен бастап МЖӘ шартын жасасу кезеңіне дейін МЖӘ жобасын әзірлеуге тартылған тұлғалардың барлық есептерін тыңдайды;

Келісім беретін уәкілетті органдар мен ұйымдардың ескертулерін алу бойынша келісу және сараптама процестері барысында МЖӘ жобасының тұжырымдамасын және конкурстық құжаттамасын пысықтауды жүзеге асырады.

Бұл ретте сараптама және келісу қорытындыларында Ведомствоаралық жобалық топқа МЖӘ жобаларын басқару бойынша ұсынымдар көрсетіледі;

МЖӘ конкурстық құжаттамасын қараудан, келісуден, сараптамадан және бекітуден өту мерзімдерінің және рәсімдерінің сақталуын қадағалайды.

10. Заңның 26-бабына сәйкес уәкілетті тұлғалар МЖӘ саласында мамандарды оқыту, сондай-ақ МЖӘ мәселелері бойынша зерттеулер жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін МЖӘ дамыту орталығын тартады.

11. МЖӘ жобасын қаржыландыруға мүдделі қаржылық және өзге де ұйымдар МЖӘ жобасының конкурстық құжаттамасын, МЖӘ шартының жобасын әзірлеуге және талқылауға қатыса алады, оның ішінде МЖӘ жобасын қаржыландыру, МЖӘ шарты бұзылған жағдайларда тартылатын қарыздар, кезделетін төлемдер бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету схемасы және МЖӘ жобасын қаржыландыруға байланысты өзге де мәселелер бойынша ұсыныстар енгізе алады.

12. МЖӘ жобасын жоспарлауға кәсіпкерлік субъектілерін тарту, жоспарлау процесінің ашықтығын арттыру мақсатында, уәкілетті тұлғалар жоспарланған МЖӘ жобасы туралы қызығушылықты білдіретін сұрау салуды өздерінің ресми интернет-ресурстарында, МЖӘ дамыту орталығының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етеді.

Қосымша ақпартты өзге де интернет-ресурстарда және мерзімді баспасөз басылымдарында орналастыруға жол беріледі.

Жоспарланған МЖӘ жобасы туралы қызығушылықты білдіретін сұрау салу уәкілетті тұлғаның байланыс деректерінен, МЖӘ жобасының негізгі параметрлері және талаптарынан, сондай-ақ ұсыныстарды берудің түпкілікті мерзімдерінен тұрады.

Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсты жабық түрде өткізу туралы шешім қабылдаған жағдайда, жоспарланған МЖӘ жобасы туралы ақпарат жария етілмейді. Қызығушылықты білдіретін сұрау салу конкурсты ұйымдастырушы алдын ала айқындаған әлеуетті жекеше әріптестерге жазбаша түрде жолданады.

МЖӘ жобасын талқылауға әлеуетті жекеше әріптестерді тарту мақсатында дөңгелек үстелдер, кездесулер, road-show (тұсаукесерлер), networking (салалық конференцияларға және форумдарға, көрмелерге қатысу), инвестициялық маркетинг және басқа да қажетті шаралар, оның ішінде консультанттарды тарта отырып жүргізіле алады.

13. Конкурсты ұйымдастырушы қажет болған жағдайда келіп түскен ұсыныстарды жинақтайды және уәкілетті тұлғаның әлеуетті жекеше әріптестердің әрқайсысымен, оның ішінде жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен келіссөздер жүргізуі жолымен бәсекелі диалог ұйымдастыра алады.

Бәсекелі диалог әрбір мүдделі әлеуетті жекеше әріптестердің, оның ішінде жалғыз әлеуетті жекеше әріптестің мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық, қаржылық, зандық және МЖӘ жобасының басқа да қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, үздік конкурстық өтінім

(Жалғасы. Басы 24-26-беттерде)

бойынша көрсетілетін қызметтердің тізбесі әрбір жоба бойынша атауын және қаржыландыру сомасын қамтиды.

63. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар қаражатының қалған сомасына тізімдемелерге өзгерістер және (немесе) толықтыруларды қалыптастыру, тиісті бюджет комиссияның қарауына енгізу және бекіту осы Параграфта белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

64. Тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыруға бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тиісті бюджетті соңғы нақтылауға дейін бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қамтамасыз етеді.

65. Пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған бюджет қаражатын қайтару кейіннен түсіндірудің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізе отырып, белгіленген тәртіппен әзірленген және қабылданған тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламаларды бөлу туралы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының шешімі негізінде тиісті бюджет комиссияларының тиісті шешімінсіз мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бюджеттік бағдарламаларын қалпына келтіру арқылы жүзеге асырылады.

66. МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыруға тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламалар бойынша бөлінген бюджет қаражаты қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған немесе ішінара пайдаланылған жағдайларда, екінші жарты жылдықта тиісті бюджетті нақтылағанған кейін, бюджеттік бағдарлама әкімшісінем тиісті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бөлінген бюджет қаражатының пайдаланылмаған бөлігін қайтаруына жол берілмейді.

67. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның тиісті бөлінетін бюджеттік бағдарламасының қаражаты есебінен жүзеге асырылатын консультациялық қолдау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің тізбесінің негізінде, МЖӨ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуді, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді.

68. МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуді немесе түзетуді, сондай-ақ қажетті сараптамалар жүргізуді, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында және Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

69. МЖӨ жобасының, оның ішінде концессиялық жобаның конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың ТЭН-ін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізуге, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуге арналған шарт бойынша өнім берушінің міндеттемелеріне тиісті сараптамалар өткізу нәтижелері бойынша ескертулер мен ұсыныстар туындаған, оның ішінде жобаға экономикалық сараптама жүргізген кезде жобаны бюджеттік бағдарламалар әкімшісі пысықтауға қайтарған жағдайда, күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде шарттың жалпы құны шегінде өнім берушінің МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді міндетті пысықтауы туралы талап қосылады.

10. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға МЖӨ жобаларының, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасын әзірлеу немесе түзету, МЖӨ жобаларын, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу бойынша іс-шараларын іске асыру барысы туралы ақпаратты, тоқсан сайын, есепті тоқсанған кейінгі айдың 10-күніне (оныншы) дейін ұсынады.

3-тарау. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты және тікелей келіссөздерді жүргізу тәртібі

1-параграф. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу

71. Жекеше әріптесті айқындау конкурс тәсілімен, оның ішінде:

екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып;

оңайтылған тәртіппен жүргізіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада Заңның 31-бабының 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес конкурс түрін айқындайды.

Конкурс Заңның 31-бабына сәйкес жабық болуы мүмкін.

72. Заңда белгіленген құзыретке сәйкес конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік қолдау шараларын беруді және (немесе) мемлекеттік бюджеттен төлемдерді жүзеге асыруды көздейтін кезде орталық мемлекеттік орган немесе облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органы болатын жағдайларды қоспағанда, конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік әріптес болып табылады.

73. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс кезеңінде қажетті жағдайда МЖӨ жобаларын консультациялық сүйемелдеу бойынша заңды тұлғаларды тартады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген заңды тұлғаларды тарту үшін, конкурсты ұйымдастырушы – мемлекеттік орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға МЖӨ жобасын консультациялық сүйемелдеу бойынша көрсетілетін қызметтерді қаржыландыруға өтінімді жолдайды.

74. Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау үшін конкурстық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрады.

Комиссияның тәрағасы конкурсты ұйымдастырушының бірінші басшысы болып табылады (конкурсты ұйымдастырушы жергілікті атқарушы орган болғанда – облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімінің орынбасарынан төмен емес).

Комиссия хатшысы конкурсты ұйымдастырушының құрылымдық бөлімше басшысының орынбасарынан төмен емес өкіл болып табылады.

Комиссияның құрамына мемлекеттік жоспарлау, бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың өкілдері кіреді (конкурсты ұйымдастырушы орталық мемлекеттік орган болғанда – бірінші басшылар орынбасарларынан төмен емес; конкурсты ұйымдастырушы орталық мемлекеттік орган болғанда – бірінші басшылар орынбасарларынан төмен емес), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері кіреді.

Конкурсты ұйымдастырушы жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайызы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар болған жағдайларда Комиссия құрамына сондай-ақ тиісті саланың уәкілетті органының өкілі (өкілдері) кіреді.

Комиссия құрамына өзге мемлекеттік органдары, ұйымдары кіре алады.

Комиссияның жұмыс органы конкурсты ұйымдастырушы болып табылады.

75. Комиссия мынадай функцияларды:

1) конкурс ұйымдастырушысы Комиссия отырысына енгізген біліктілік іріктеу нәтижелері бойынша әлеуетті жекеше әріптесті конкурс қатысушы ретінде тану туралы шешім қабылдау (жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсқа рұқсат беру туралы хаттама);

2) біліктілік іріктеуден өткен конкурсқа қатысушылардың конкурстық өтінімдерін қарау және іріктеу;

3) үздік конкурстық өтінімді айқындау;

4) конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен не жалғыз әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӨ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздер жүргізу;

5) өтініш берушіні жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс жеңімпазы деп тану;

6) жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсты өткізу үшін қажетті осы Қағидаларда көзделген оның ішінде өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Комиссияның барлық шешімдері хаттамамен рәсімделеді.

Комиссияның шешімі дауыс берумен қабылданады және Комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысы оң үшін берілген жағдайда қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда, Комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

Комиссияның шешімімен келісперен жағдайда, осы Комиссияның кез келген мүшесі хаттамаға қоса берілетін ерекше пікірге құқылы.

Комиссияның отырысы өкілеті болып есептеледі (кворум болса), егер оның құрамының үштен екісінен кем емесі қатысып отырса.

Отырыс хаттамаларына отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері, сондай-ақ Комиссия хатшысы қол қояды.

76. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу мынадай реттіліктегі іс-шараларды орындауды көздейді:

1) конкурсты ұйымдастырушының әлеуетті жекеше әріптестерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен бір мезгілде хабарлаумен жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлауы;

2) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғаларға конкурсты ұйымдастырушының конкурстық құжаттаманың көшірмесін ұсыну;

3) конкурстық құжаттаманың көшірмесін алған тұлғаларға оның ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету;

4) біліктілік іріктеуді жүргізу.

Егер мұндай шарт конкурстық құжаттамада көзделген болса, конкурстық өтінімді енгізген соң біліктілік іріктеу жүргізуге жол беріледі;

5) әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімді, сондай-ақ конкурстық өтінімнің қамтамасыз етуін енгізуі;

6) Комиссияның конкурстық өтінімдерді қарауы;

7) Комиссияның конкурстық өтінімі үздік деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен келіссөздердің тиісті хаттамасын рәсімдей отырып, МЖӨ жобасын және МЖӨ шартының талаптарын нақтылау бойынша келіссөздерді жүргізу;

Екі кезеңдік рәсімдерді пайдалана отырып конкурс өткізуді көздейтін МЖӨ жобалары бойынша:

Комиссия конкурстық өтінімі жақсы деп танылған әлеуетті жекеше әріптеспен ТЭН не ЖСҚ енгізу мерзімдерін нақтылау бойынша келіссөздер жүргізеді;

ТЭН не ЖСҚ енгізненнен кейін (ведомстводан тыс кешенді сараптама нәтижелерін қоса алғанда, қажетті сараптамалардың нәтижелерін қоса бере отырып) Комиссия әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӨ жобасын және МЖӨ шартының талаптарын нақтылау бойынша, тиісті келіссөздер хаттамасын рәсімдей отырып, келіссөздер жүргізеді.

8) конкурсты ұйымдастырушының МЖӨ шартының жобасын бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға, сондай-ақ табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органға келісу үшін жолдауы;

9) конкурстың жеңімпазын айқындау;

10) тиісті бюджет комиссияларының қарауына МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін шығару;

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджет комиссияларының қарауына шығару талап етілмейді.

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің болмауын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті хат рәсімдей отырып растайды;

11) әрбір жеке МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулы жобасы (ерекше маңызды жобалар бойынша) немесе маслихат шешімінің жобасы тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде әрбір қабылданған міндеттемелердің көлемі туралы ақпарат енгізіле отырып (МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін МЖӨ жобалары бойынша) уәкілетті орган әзірлейді және енгізеді.

12) осы Қағидалардың 74-тармағында көрсетілген Комиссияның шешімінің негізінде, сондай-ақ МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауды көздейтін МЖӨ жобалары бойынша тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162 және 163-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын (ерекше маңызды жобалар бойынша) немесе мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша уәкілетті орган конкурстың жеңімпазымен МЖӨ шартын жасасады;

13) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӨ бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауын бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган тиісінше әрбір жекелеген Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі (ерекше маңызы бар МЖӨ жобасы) негізінде, өзге де МЖӨ жобалары бойынша тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы тиісінше әрбір жекелеген МЖӨ жобасы бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

14) мемлекет кепілгерлігін ұсыну көзделген МЖӨ жобасы бойынша, МЖӨ шартын жасасқанған кейін, Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің негізінде кепілгерлік шарты жасалады;

15) МЖӨ шартын, оның ішінде МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшелерінің тіркеуі.

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган (республикалық жобалар бойынша) немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган (жергілікті жобалар бойынша) МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқ екені туралы растайтын хатты енгізген кезде МЖӨ шартын тіркеу тиісті бюджет комиссиясының шешімінсіз жүзеге асырылады;

16) жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс нәтижелері туралы мәліметтерді жариялау.

Мемлекеттік құпиралды қамтитын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың нәтижелері, сондай-ақ жекеше әріптесті айқындау жөніндегі жабық конкурстың нәтижелері туралы мәліметтерді конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бір мезгілде хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

2-параграф. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарлама және конкурстық құжаттама көшірмесін ұсыну

77. Техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпарат мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға бір мезгілде хабарлана отырып, конкурсты ұйымдастырушы өзінің ресми интернет-ресурсында орналастырады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымдарында (бір жылдан кем емес) МЖӨ дамыту орталығының интернет-ресурсында мемлекеттік және орыс тілдерінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу күніне дейін кемінде күнтізбелік 60 (алпыс) күн бұрын, ал жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты қайта өткізу кезінде – кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын орналастыру қамтамасыз етіледі.

Жобалардың қалғандары бойынша – жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын, ал жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты қайта өткізу кезінде – кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын орналастырылады.

Хабарламаны өзге де интернет-ресурстарда және мерзімді баспасөз басылымдарында қосымша орналастыруға жол беріледі.

Бұл ретте көрсетілген мерзімдер хабарламаның Қазақстан Республикасының барлық аумағына таралатын мерзімді баспасөз басылымында бірінші орналасу күнінен бастап есептеледі.

78. Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы ақпарат МЖӨ жобасы, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу күні, орны және уақыты туралы мәліметтерді қамтиды.

79. Конкурсты ұйымдастырушы жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап, әлеуетті жекеше әріптеске (оның уәкілетті өкіліне) конкурстық құжаттаманың көшірмесін қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынады.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың көшірмесін арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) немесе басқа да электрондық тәсілмен ұсынады.

Конкурстық құжаттаманың көшірмесі қағаз жеткізгіште әлеуетті жекеше әріптестің сұрау салуы бойынша ұсынылады.

Конкурсты ұйымдастырушы ұсынылған конкурстық құжаттама үшін конкурстық құжаттаманың көшірмесін жасау шығынынан аспайтын төлемді ала алады.

80. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) конкурстық құжаттаманың көшірмесін алуға арналған, тиісінше ресімделген әлеуетті жекеше әріптес өкілінің өкілеттіктерін құжаттық растаудың болуын тексереді;

2) егер жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс өткізу туралы хабарландыруда конкурстық құжаттаманың көшірмесін алу үшін ақыны алу туралы нұсқау қамтылған болса, әлеуетті жекеше әріптестің немесе оның уәкілетті өкілінің мұндай ақы төлегені туралы құжаттық растаудың болуын тексереді;

3) конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына қажетті мәліметтерді (реттік нөмір, алған уақыты мен күні, әлеуетті жекеше әріптестің атауы, мекенжайы және өзге де мәліметтер) енгізеді;

4) әлеуетті жекеше әріптестің уәкілетті өкіліне конкурстық құжаттаманың көшірмесін қол қою арқылы ұсынады.

3-параграф. Конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру, талқылау және түзету

81. Конкурстық құжаттаманы алған тұлғалар қажет болған жағдайда конкурсты ұйымдастырушыға конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салады.

Түсіндіру туралы сұрау, егер жоба техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмеуі тиіс, ал жобалардың қалғандары бойынша – конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмеуі тиіс.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты қайта өткізу кезінде олар туралы мәліметтер конкурстық құжаттаманы алған тұлғаларды тіркеу журналына енгізілген тұлғалар, егер жоба техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын болса, конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей, ал жобалардың қалғандары бойынша – конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы сұрау салады.

Конкурсты ұйымдастырушы сұрау салу тіркелген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жауап жолдайды және сұрау салудың кімнен түскенін көрсетпей, конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама ұсынған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге осындай түсіндірмені хабарлайды.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың мазмұны бойынша түсіндірмелерді арнайы құрылған интернет-ресурс (веб-портал) немесе басқа электрондық тәсілмен жолдауға құқылы.

Әлеуетті жекеше әріптестерден ұсыныстар түскен жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы қажеттілігі қарай бәсекелі диалогты ұйымдастырады.

Бәсекелі диалог әрбір мүдделі әлеуетті жекеше әріптестің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, МЖӨ жобасының техникалық, қаржылық, заңды және басқа да қажетті параметрлері, мемлекеттік қолдау шаралары, жекеше әріптесті іріктеу өлшемшарттары бойынша оңтайлы шешімдерді және басқа да шешімдерді қалыптастыру үшін ұйымдастырылады.

Бәсекелі диалог қорытындылары хаттамамен рәсімделеді.

Бәсекелі диалогқа қатысушылардың барлығы оны жүргізу барысында алынған ақпараттың құпиялылығын сақтайды.

Конкурсты ұйымдастырушы техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша конкурстық өтінімдерді ұсынудың мерзімі өткенге дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірілмейтін мерзімде, ал жобалардың қалғандары бойынша – конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірілмейтін мерзімде, кейіннен конкурстық құжатамаға сараптама жүргізуді қамтамасыз ете отырып, өз бастамасымен немесе әлеуетті жекеше әріптестің сұрау салуына жауап ретінде конкурстық құжатамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізе алады.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты қайта өткізу кезінде – күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде енгізе алады. Енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың міндетті күші болады.

Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы шешім қабылданған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей ол шешім жөнінде әлеуетті жекеше әріптестердің барлығын хабардар етеді.

Конкурсты ұйымдастырушы сараптама нәтижелерін алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, конкурстық құжаттамаға енгізілген өзгерістердің және (немесе) толықтырулардың мәтінін барлық әлеуетті жекеше әріптестерге ұсынады. Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестердің осы өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды конкурстық өтінімдерде ескеруі үшін конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн мерзімге, ал жекеше әріптесті айқындау жөніндегі қайта конкурс кезінде – кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн мерзімге ұзартады.

82. Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманы түсіндіру үшін әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу өткізе алады.

Бұл ретте конкурсты ұйымдастырушы осы кездесу барысында ұсынылған, дереккөздері көрсетілмеген конкурстық құжаттаманы түсіндіру туралы сұрау салуларды, сондай-ақ осы сұрау салуларға жауаптарды қамтитын хаттаманы әзірлейді.

Конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттаманың ережелерін түсіндіру туралы хаттама ресімделген және қол қойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Комиссияға және конкурсты ұйымдастырушы конкурстық құжаттама ұсынған барлық әлеуетті жекеше әріптестерге аталған хаттаманың көшірмесін жібереді.

83. Егер конкурстық құжаттама ережелерін түсіндіру бойынша әлеуетті жекеше әріптестермен кездесу әлеуетті жекеше әріптестердің немесе олардың уәкілетті өкілдерінің конкурстық құжатамада белгіленген кездесуді өткізу күні мен уақытында келмеуі себебінен өткізілмеген жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы көрсетілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде мұндай факт туралы Комиссияны жазбаша түрде хабардар етеді.

4-параграф. Біліктілік іріктеу

84. Әлеуетті жекеше әріптестердің олардың қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың ұсынылуы конкурстық құжатамада көрсетілген мерзімде жүзеге асырылады.

85. Әлеуетті жекеше әріптес оның біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін конкурсты ұйымдастырушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес растау құжаттарын ұсынады.

Әлеуетті жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкестігіне анық емес ақпарат ұсынған жағдайда, соттың осындай әлеуетті жекеше әріптесті жоқшысы әлеуетті жекеше әріптес деп таныған сәтінен бастап одан әрі үш жыл ішінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

Біліктілік талаптары бойынша әлеуетті жекеше әріптес ұсынған ақпараттың анықтығын жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсты өткізудің кез келген кезеңінде Комиссия, конкурсты ұйымдастырушы, уәкілетті мемлекеттік орган белгілеуі мүмкін.

Әлеуетті жекеше әріптестің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпаратты ұсынуы фактісін анықтаған тұлғалар, осындай фактіні анықтаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл туралы конкурсты ұйымдастырушыны және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды анық емес ақпаратты ұсыну фактісін растайтын құжаттардың көшірмесін хабарламаға қоса отырып, жазбаша хабардар етеді.

Конкурсты ұйымдастырушы осындай факт анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей сотқа біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпаратты ұсынған әлеуетті жекеше әріптесті жоқшысы әлеуетті жекеше әріптес деп тану туралы талап арыз береді.

Конкурсты ұйымдастырушы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға соттардың әлеуетті жекеше әріптесті жоқшысы әлеуетті жекеше әріптес деп тану туралы заңды күшіне енген шешімдерін мұндай шешімді алған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жібереді.

Соттардың заңды күшіне енген шешімдерінің негізінде қалыптасатын жоқшысы әлеуетті жекеше әріптестер тізбесін өзінің интернет-ресурсында осындай тізбені орналастыратын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган жүргізеді.

86. Конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптестердің Заңның 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін айқындау мақсатында біліктілік іріктеуді құжаттарды ұсыну мерзімі аяқталған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Әлеуетті жекеше әріптестердің конкурстық құжатамада белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға қойылатын талаптарға сәйкес келмеуі анықталған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушы әлеуетті жекеше әріптеске тиісті құжаттарды ұсыну мерзімдерін көрсете отырып, анықталған сәйкессіздіктерді жою жөнінде хабарлайды.

Хабарламаны жолдаған күннен бастап және тиісті құжаттарды ұсынғанға дейін біліктілік іріктеуді өткізу мерзімдері тоқтатыла тұрады.

Тиісті құжаттарды хабарламада белгіленген мерзімнен кеш ұсынған не оларды уақтылы ұсынбаған әлеуетті жекеше әріптес біліктілік талаптарына сәйкес емес деп танылады.

Біліктілік іріктеу нәтижелері әлеуетті жекеше әріптестердің Заңның 32-бабында бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес не сәйкес емес туралы конкурс ұйымдастырушысының қорытындысы түрінде рәсімделеді.

87. Біліктілік іріктеу нәтижелері Комиссия қарауына шығарылады.

Комиссия біліктілік іріктеуден өткен әлеуетті жекеше әріптестерді айқындайды және оларды тиісті хаттаманы рәсімдеумен конкурс қатысушылары деп таниды (жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттама).

Заңның 32-бабында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін әлеуетті жекеше әріптес біліктілік іріктеуден өтті деп есептеледі.

Жекеше әріптесті айқындау бойынша конкурсқа қатысуға рұқсат беру туралы хаттаманы конкурсты ұйымдастырушы Комиссияның шешімі қабылданған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде әлеуетті жекеше әріптестерге жолдайды.

5-параграф. Конкурстық өтінім

88. Конкурстық өтінім әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық құжатамада белгіленген талаптар мен шарттарға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Конкурстық өтінім конкурстық құжатамада белгіленген нысан бойынша жазбаша түрде ресімделеді.

89. Конкурстық өтінімді әлеуетті жекеше әріптестер оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін тігілген түрінде, әрбір беті нөмірленген және қолы қойылған, соңғы бетіне оның қолы және мөрімен (жеке тұлғаға, егер мұндай болса) қуәландырылған, әлеуетті жекеше әріптестің толық атауы мен пошталық мекенжайы (егер ол «кешікен» болып жарияланса, конкурстық өтінімді ашпай қайтару мақсатында), конкурсты ұйымдастырушының толық атауы мен пошталық мекенжайы, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың атауы, сондай-ақ («жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурс атауын көрсету) ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС» және «(конкурстық өтінімдері ашу күні мен уақытын көрсету) ДЕЙІН АШЫЛМАСЫН» деген мазмұндағы мәтін жазылып жабылған «конвертте» ұсынады.

90. Белгіленген мерзім аяқталғаннан кейін ұсынылған конкурстық өтінімі бар конверт конкурстық өтінімдерді тіркеу журналында тіркелмейді, ашылмайды және әлеуетті жекеше әріптеске қайтарылады.

91. Конкурстық құжатамада белгіленген мерзім ішінде конкурсты ұйымдастырушы конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды.

92. Конкурсты ұйымдастырушы:

1) әлеуетті жекеше әріптес атынан өтінімі бар конвертті ұсынған әлеуетті жекеше әріптес өкілінің өкілеттігін құжаттық растаудың болуын тексереді;

2) тиісінше ресімделген конкурстық өтінімдері бар конверттерді қабылдайды және конкурстық өтінімдерді тіркеу журналына енгізеді;

3) конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін енгізілген конкурстық өтінімге өзгерістер мен толықтыруларды қабылдайды;

4) конкурстық өтінімдерді ұсынудың түпкілікті мерзімі өткенге дейін оны кері қайтарған жағдайда конкурстық өтінімді қайтаруды қамтамасыз етеді.

93. Әлеуетті жекеше әріптестің конкурстық өтінімі мынадай:

1) әлеуетті жекеше әріптес осы жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімді бұрын ұсынған;

2) конкурстық өтінім осы жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурсқа қатысуға конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі өткеннен кейін келіп түскен жағдайларда қабылданбайды.

94. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімінің аяқталуынан кешіктірмей:

1) енгізілген конкурстық өтінімді өзгерте және (немесе) толықтыра алады;

2) өзі енгізген конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді қайтару құқығын жоғалтпастан, өзінің конкурстық өтінімін кері қайтара алады.

Конкурстық өтінімдерге оларды ұсынудың түпкілікті мерзімі өткеннен кейін өзгерістер енгізілмейді.

Конкурстық өтінімді қайтарып алу туралы хабарлама әлеуетті жекеше әріптестің қолы қойылған және мөр қойылған (жеке тұлғаға, егер болған жағдайда) конкурсты ұйымдастырушының атына ерікін түрдегі өтініш ретінде ресімделеді.

95. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі, конкурстық құжатамада белгіленген мерзімге сәйкес болады.

96. Әлеуетті жекеше әріптес конкурстық өтінімді қамтамасыз етуді:

1) конкурстық өтінімдерді ұсыну мерзімі өткеннен кейін өзін

(Жалғасы. Басы 24-27-беттерде)

МЖӨ жобасына бизнес-жоспар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға мынадай қосымшалармен:

МЖӨ жобасына бизнес-жоспар салалық сараптамасының оң қорытындысы (қорытындылары) ;

осы тармақта көзделген қажетті келісулер мен қорытындылардың нәтижелері;

ұсынылған МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын жан-жақты және толық бағалау үшін қажетті өзге де материалдар мен мәліметтер бірге жолданады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган бизнес-жоспар және материалдар келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде МЖӨ дамыту орталығына немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғаларға, оларды тартқан жағдайда, оған сараптама жүргізуге жолдайды.

142. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарына сараптама техникалық жағынан күрделі және немесе бірегей болып табылатын жобалар бойынша МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын енгізген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Жобалардың қалғандары бойынша – МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын енгізген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

143. МЖӨ-ні дамыту орталығы(республикалық жобалар бойынша) немесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары айқындаған сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар (жергілікті жобалар бойынша), оларды тартқан жағдайда, МЖӨ жобасына бизнес-жоспарына сараптаманы, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде, МЖӨ жобасына бизнес-жоспарында қамтылған ақпаратты бағалау арқылы МЖӨ жобасын іске асыру мүмкіндігі пен орындылығын айқындау мақсатында жүргізеді.

144. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарына сараптаманы, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде сараптама қорытындысы мыналарды:

МЖӨ туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы шеңберінде МЖӨ жобасын іске асыру мүмкіндігін;

МЖӨ жобасына бизнес-жоспарында көрсетілген мемлекеттік қолдаудың түрлері мен көлемдерін көрсету, сондай-ақ шығындардың орнын толтыру және жекеше әріптестің кірістерді алу мүмкіндігін;

тәуекелдерді және оларды басқару бойынша шараларды;

институционалдық шешімдерді (тараптардың өзара іс-қимыл тетіктерін, олардың жауапкершілігін және басқаларды);

МЖӨ жобасын іске асырудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігін;

МЖӨ жобасын іске асырудың коммерциялық тиімділігін;

маркетингтік зерттеулердің нәтижелерін, оның ішінде МЖӨ жобасын іске асыру нәтижесінде қалыптасқан өнімге (тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге) сұраныстарды;

ұсынылған схема бойынша МЖӨ жобасын іске асыру кезінде мемлекеттің пайдалары мен шығындарының арақатынасын бағалауға негізделеді.

145. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарға сараптаманы, оның ішінде оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізген кезде сараптаманың нәтижесі оң қорытынды немесе теріс қорытынды болып табылады, ол мынадай бөліктерден тұрады:

1) сараптама қорытындысының кіріспе бөлігі сараптаманың атауы мен жүргізу күні туралы мәліметтерді, сондай-ақ МЖӨ жобасы туралы жалпы ақпаратты қамтиды;

2) сараптама қорытындысының негізгі (талдамалық) бөлігінде осы Қағидаларға сәйкес жүргізілген бағалау нәтижелері көрсетіледі;

3) қорытынды бөлікте сараптама қорытындылары бойынша ұсынымдар мен тұжырымдар жазылады.

Оң қорытынды МЖӨ жобасын басқару сапасын арттыру бойынша, оның ішінде МЖӨ жобасын іске асыру тиімділігін және тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету бойынша тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы, Тікелей келіссөздер жөніндегі комиссия және өзге де мүдделі тұлғаларға ұсынымдары бар түсіндірмелерді қамтуы мүмкін.

Теріс қорытынды дайындалған жағдайда, МЖӨ жобасына бастамашы болған жекеше әріптес тікелей келіссөздерді ұйымдастырушымен бірге МЖӨ жобасына бизнес-жоспарды пысықтауға және оны қайта сараптау жүргізу үшін енгізуге құқылы.

146. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган МЖӨ-ні дамыту орталығынемесе жергілікті атқарушы органдары айқындаған сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар, оларды тартқан жағдайда, МЖӨ жобасына бизнес-жоспарға сараптама негізінде қорытынды дайындау.

147. Сараптаманы ескере отырып, МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органмен келісудің жалпы мерзімі техникалық жағынан күрделі және (немесе) бірегей болып табылатын жобалар бойынша 40 (қырық), ал жобалардың қалғандары бойынша – 25 (жиырма бес) жұмыс күннен аспайды.

Жергілікті атқарушы органдар айқындаған сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар тартылмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган тиісті қорытындыны өзі дайындайды.

МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпарат ұсыну қажет болған жағдайларда, МЖӨ-ні дамыту орталығынемесе облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың жергілікті атқарушы органдары айқындайтын сараптаманы жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар құжаттар топтамасы түскен күннен бастап 5 (бес жұмыс) жұмыс күні ішінде (бір реттен артық емес) тиісті сұрау салуларды, сұрау салудың көшірмесін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға жолдайды. Жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты немесе қосымша мерзімдердің қажеттігі туралы хабарламаны МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын әзірлеуші сұрау салу түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды.

Бұл ретте жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты ұсынудың қосымша мерзімі күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайды.

Сұрау салуды жолдаған күннен бастап, қажетті ақпаратты ұсынғанға дейін сараптама жүргізу мерзімдері тоқтатылады.

Сұрау салуға сәйкес қажетті ақпараттар мерзімге сәйкес ұсынылмаған жағдайда МЖӨ жобасына бизнес-жоспары әзірлеушіге қараусыз кейін қайтарылады.

148. Мемлекет тарапынан МЖӨ субъектілеріне мемлекеттік қолдау шаралары мен бюджеттен төлемдер болмаған жағдайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган қорытындылары және МЖӨ-ні дамыту орталығынемесе жергілікті атқарушы органдары айқындаған сараптама жүргізуге уәкілетті заңды тұлғалар сараптамалары талап етілмейді.

Бұл ретте мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган МЖӨ жобасына бизнес-жоспарды жоспарланған МЖӨ жобасының Заңның 4-бабында белгіленген МЖӨ белгілеріне сәйкестігін келіседі.

149. МЖӨ жобасына бизнес-жоспарды барлық қажетті келісулер мен сараптамалар нәтижелерін және Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссия шешімін ескере отырып МЖӨ жобасына бастамашы болған жекеше әріптес тікелей келіссөздер ұйымдастырушымен бірге пысықтайды және бекітеді.

Бекітілген МЖӨ жобасына бизнес-жоспарға сараптама өткізбей өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

МЖӨ жобасына бизнес-жоспарын бекітілген сәттен бастап келіссөздерді ұйымдастырушы бұл жөнінде жобаға бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптесті 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

МЖӨ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптес хабарлама алынған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде бекітілген МЖӨ жобасына бизнес-жоспарына сәйкес уәкілетті тұлғаға МЖӨ шартының жобасын ұсынады.

МЖӨ шартының мазмұны Заңның 46-бабына сәйкес айқындалады.

МЖӨ шартының жобасын ұсыну мерзімін ұзарту туралы шешімді Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссия қабылдайды.

14-параграф. ЖӨ шартының әлеуетті тараптары арасында МЖӨ шартының талаптары туралы келіссөздерді жүргізу

150. МЖӨ жобасына бастамашылық жасаған әлеуетті жекеше әріптес енгізген МЖӨ шартының жобасы тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссиясының отырысына шығарылады.

Келіссөздердің нәтижелері тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоятын және тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссия бекітетін хаттамамен ресімделеді.

151. Тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы МЖӨ шартының жобасын, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, келісуге Тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссия хаттамасының көшірмелерін қоса бере отырып, бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органға және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға (табиғи монополиялар салаларында жүзеге асатын МЖӨ жобасы бойынша) жолдайды.

152. Бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті орган МЖӨ шартының жобасын, құзыретіне кіретін мәселелер бойынша, ол түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

153. Табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган көрсетілетін қызметтерге (тауарларға, жұмыстарға) тарифтерді (бағаларды, алым мөлшерлемелерін) қалыптастыру және бекіту тәртібі бөлігінде МЖӨ шартының жобасын оны ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде келіседі.

154. МЖӨ шартының жобасын, оның ішінде оларға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде, келісу келісім туралы немесе өрбір қаралатын мәселе бойынша келіспеу себептерін немесе конкурстық құжаттаманы пысықтау бойынша талаптарды көрсете отырып, келіспеу туралы хат түрінде ресімделеді.

155. МЖӨ шартының жобаны тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) бюджетті атқару жөніндегі орталық немесе жергілікті уәкілетті органның және табиғи монополиялар салаларында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның келісуі қорытындысы бойынша ұсынымдар болған жағдайда пысықтайды және тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссиясының бекітеді.

Бекітілген МЖӨ жобасына бизнес-жоспарға қайшы келетін МЖӨ шартының жобасын тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссиясының хаттамасымен бейтуге жол берілмейді.

156. Тікелей келіссөздерді жүргізу жөніндегі комиссияның тікелей келіссөздердің нәтижелері туралы шешім қабылдау қорытындылары бойынша тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға (республикалық жобалар бойынша) немесе жергілікті мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға (жергілікті жобалар бойынша) МЖӨ шарты жобасының келісулер нәтижелерін қоса бере отырып, МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджет комиссиясының қарауына шығару үшін өтінім жолдайды.

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау мәселесін тиісті бюджет комиссияларының қарауына шығару талап етілмейді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті хат ресімдей отырып, МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқ екендігін растайды.

15-параграф. МЖӨ шартын жасасу

157. Өрбір жеке МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулысының жобасы (ерекше маңызды жобалар бойынша) немесе мәслихат шешімінің жобасы (МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдауды көздейтін МЖӨ жобалары бойынша) тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі шығарылғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өрбір қабылданған міндеттеменің көлемі туралы ақпаратты енгізе отырып, тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) әзірлейді және енгізеді.

158. Қазақстан Республикасы Үкіметінің МЖӨ жобалары бойынша (МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдауды көздейтін МЖӨ жобалары бойынша) мемлекеттік міндеттемелер қабылдауын Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісінше өрбір жекелеген МЖӨ жобасы бойынша (ерекше маңызы бар жобалар бойынша), Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162-бабына сәйкес тиісті бюджет комиссиясының оң шешімі негізінде өзге МЖӨ жобалары бойынша шешімі негізінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган жүзеге асырады.

159. Жергілікті атқарушы органдардың МЖӨ жобалары бойынша (МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдауды көздейтін МЖӨ жобалары бойынша) мемлекеттік міндеттемелерді қабылдауы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 163-бабына сәйкес тиісінше өрбір жекелеген МЖӨ жобасы бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала және астана мәслихатының шешімі негізінде жүзеге асырылады.

160. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 162 және 163-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысын (ерекше маңызды жобалар бойынша) немесе мәслихаттың шешімін қабылдау қорытындылары бойынша тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӨ шартын жасасады.

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы (уәкілетті тұлға) Тікелей келіссөздер жүргізу жөніндегі комиссияның тікелей келіссөздер нәтижелері туралы шешімі негізінде әлеуетті жекеше әріптеспен МЖӨ шартын жасасады.

161. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде МЖӨ шартын жасасқаннан кейін мемлекет кепілгерлігін ұсыну көзделген МЖӨ жобасы бойынша Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес кепілгерлік шарты жасалады.

162. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның немесе оның аумақтық бөлімшесінің МЖӨ шартын, оның ішінде МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда шартты тіркеуі.

МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер болмаған жағдайда, МЖӨ шартын тіркеу мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның (республикалық жобалар бойынша) не мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның (жергілікті жобалар бойынша) МЖӨ жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелердің жоқ екендігін растайтын хаты ұсынылған жағдайда, тиісті бюджет комиссиясының шешімінсіз жүзеге асырылады.

163. Мемлекеттік құпиялары қамтитын немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия мәліметтерді қоспағанда, жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер нәтижелері тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы бір мезгілде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға (республикалық жобалар бойынша) немесе мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға (жергілікті жобалар бойынша) хабарлай отырып, өзінің ресми интернет-ресурсында және мерзімді баспасөз басылымдарында мемлекеттік және орыс тілдерінде орналастырады.

164. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органдар мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органды және МЖӨ дамыту орталығын жергілікті МЖӨ жобалары бойынша жасасқан МЖӨ шарттары туралы оны жасасқан кезден бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етеді.

4-тарау. Ерекше маңызды мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары

165. Қажет болған жағдайда тиісті саланың уәкілетті органы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ерекше маңызды МЖӨ жобаларының тізбесіне іске асырылуы жоспарланатын МЖӨ жобасын енгізу бойынша ұсыныс енгізеді.

Ерекше маңызды МЖӨ жобасын айқындау осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес МЖӨ жобасын ерекше маңызды МЖӨ жобасына жатқызу өлшемшарттарына сәйкес жүзеге асады.

166. Ерекше маңызды МЖӨ жобалары бойынша конкурсты не тікелей келіссөздерді ұйымдастырушы Ведомствоаралық комиссия құрады, оның құрамына мүдделі уәкілетті мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдері және өзге де ұйымдардың өкілдері (бірінші басшысының орынбасарларынан төмен емес) кіреді.

Ведомствоаралық комиссияның құрамы конкурс немесе тікелей келіссөздер ұйымдастырушының бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Ведомствоаралық комиссияның төрағасы конкурс немесе тікелей келіссөздер ұйымдастырушының бірінші басшысы болып табылады.

Ведомствоаралық комиссияның хатшысы конкурс немесе тікелей келіссөздер ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесінің жетекшісінің орынбасарынан төмен емес болып табылады.

167. Конкурс немесе тікелей келіссөздер жүргізу кезінде ведомствоаралық комиссия ерекше маңызды МЖӨ жобалары бойынша жекеше әріптесті айқындау үшін конкурстық комиссия немесе тікелей келіссөздер комиссиясының функциясын орындайды.

168. Ерекше маңызды МЖӨ жобасын іске асыру үшін мемлекеттік әріптес, жекеше әріптес пен жекеше әріптестің кредиторы арасында тікелей келісімді жасау мынадай реттіліктегі кезеңдерді көздейді:

Заңның 47-бабына сәйкес жекеше әріптес және (немесе) жекеше әріптестің кредиторы мемлекеттік әріптеске тікелей келісім жобасын енгізеді;

мемлекеттік әріптес тікелей келісім жобасын қарайды және Ведомствоаралық комиссия отырысына шығарады;

Ведомствоаралық комиссия тікелей келісім жобасын қарайды және қажет болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа сәйкес сарапшылар тартылады;

Ведомствоаралық комиссия тікелей келісім тараптарының келіссөздері қорытындысы бойынша тікелей келісімнің түпкілікті жобасын мақұлдайды;

тікелей келісімде мемлекеттік бюджеттен шығыстарға алып келетін ережелер болған жағдайда бұл мәселе Республикалық бюджет комиссиясының қарауына шығарылады;

Ведомствоаралық комиссия және Республикалық бюджет комиссиясы шешімдерінің негізінде тікелей келісімді жасасу.

5-тарау. МЖӨ жобаларының іске асырылу тәртібі

169. Республикалық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша жасалған МЖӨ шарттарының тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) деректер енгізу үшін республикалық МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік әріптес мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға жасалған МЖӨ шарттары туралы мынадай мәліметтерді қамтитын ақпаратты олардың тіркелген сәтінен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жолдайды:

мемлекеттік әріптес пен жекеше әріптестің атауы мен деректемелері;

МЖӨ объектісі;

МЖӨ шартының жасалған күні, қолданылу мерзімі және тіркеу нөмірі;

МЖӨ шартының мәтіні;

МЖӨ объектісінің құны;

МЖӨ шартының тізілімге енгізілген күні (Тізілімге жасалған МЖӨ шартына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтерді енгізген жағдайда).

Жасалған МЖӨ шарттары туралы ақпаратты мемлекеттік әріптес заңнамада айқындалған тәртіппен тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органының мөрімен расталған немесе электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған баспа және электронды түрде жолдайды.

Тізілімді жүргізу үшін қажетті қосымша және (немесе) жетіспейтін мәліметтерді немесе құжаттарды алу қажет болған жағдайда, мемлекеттік меншікті басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган оларды мемлекеттік әріптестен, тиісті саланың уәкілетті мемлекеттік органынан сұратады.

Жасалған МЖӨ шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы мәліметтер осы тармақта белгіленген тәртіппен Тізілімге енгізіледі.

«Аса маңызды», «өте құпия», «құпия» деген белгісі бар МЖӨ шартларының мәтіндері немесе шарттың жария етуге жатпайтын құпия мәліметтерді қамтитын бөлімдері мен бөліктері Тізілімге енгізуге жатпайды.

Жасалған МЖӨ шарттары туралы мәліметтер мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға ақпарат келіп түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде электронды түрде Тізілімге енгізіледі.

170. Жасалған МЖӨ шартына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу Заңда, осы Қағидаларда, сондай-ақ МЖӨ шартына сәйкес белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Жасалған МЖӨ шартына ұсынылатын өзгерістер және (немесе) толықтырулар МЖӨ шартының жобасы түрінде (МЖӨ шартына қосымша келісім) ресімделеді.

МЖӨ шартына, оның ішінде МЖӨ жобасын іске асырудың мониторингі және (немесе) бағалануы нәтижелері бойынша өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда, мемлекеттік әріптес қосымша келісімді мүдделі мемлекеттік органдармен келісу қорытындылары бойынша жекеше әріптеспен МЖӨ шартына қосымша келісім жасасады.

171. МЖӨ шартында көзделген мемлекеттік міндеттемелер көлемін тиісті бюджет комиссиясының қарауынсыз өзгертуге жол берілмейді.

МЖӨ жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы тиісті бюджет комиссиясының ұсынысы негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің (ерекше маңызды МЖӨ жобалары бойынша) қаулысын немесе мәслихат шешімін қабылдаудың қорытындылары бойынша мемлекеттік әріптес жекеше әріптеспен МЖӨ шартына қосымша келісім жасасады.

6-тарау. Мемлекеттік-жекешелік әріптестік объектілерінің және шарттарының мониторингі, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының іске асырылуын мониторингілеу және бағалау тәртібі

172. МЖӨ жобаларын іске асыру бойынша:

республикалық меншікке жататын МЖӨ объектілерінің мониторингі;

республикалық МЖӨ жобаларының іске асырылу мониторингі;

МЖӨ шарттарының және жергілікті МЖӨ жобаларының іске асырылу мониторингі жүргізіледі.

Мониторингілеу МЖӨ жобасының орындалу барысы туралы ақпаратты үзіліссіз жинау, талдау және түйіндеу процесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының МЖӨ жобаларын іске асыруды мониторингілеуге қатысуы мынадай ұсынымдар:

МЖӨ жобаларын іске асыру практикасы мен проблемаларын қарау нәтижелері;

МЖӨ жобаларын табысты іске асыру практикасын тарату;

МЖӨ тетіктерін қолдану салалары мен аяларын кеңейту;

Қазақстан Республикасының МЖӨ саласындағы заңнамасын жетілдіру;

МЖӨ жобаларын сүйемелдеу;

МЖӨ жобаларын іске асыруға ақпараттық және әдіснамалық қолдау көрсету мәселелері жөнінде ұсынымдар әзірленуімен консультативтік-кеңесші орган шеңберінде жүзеге асырылады.

173. МЖӨ-ға берілген мемлекеттік мүлікке залал келтіретін нысаналы пайдаланбау жағдайларының алдын алу республикалық меншікке жататын МЖӨ объектілері мен коммуналдық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша МЖӨ шарттары мониторингінің (бұдан әрі – МЖӨ объектілері мен шарттарының мониторинг) міндеті болып табылады.

МЖӨ объектілері мен шарттарының мониторингі МЖӨ объектісін нысаналы мақсаты бойынша пайдалану жөнінде ақпарат жинау және оны талдау жүйесін білдіреді.

174. МЖӨ объектілері мен шарттарының мониторингін:

республикалық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша – республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган;

коммуналдық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша – облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары жүзеге асырады.

175. Жекеше әріптес мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы мынадай мәселелер:

1) мемлекеттік мүлікті қосымша жалдау;

2) мемлекеттік мүлікті кепілге беру;

3) үшінші тұлғалардың мемлекеттік мүлікті жақсартулар жүргізуі;

4) мемлекеттік мүлікті иеліктен шығару жөніндегі мәмілелер бойынша есептерді республикалық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша республикалық меншікке билік ету құқығын жүзеге асыру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға, коммуналдық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша – облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарына ұсынады.

176. Мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер туралы есептер осындай мәміле жасалған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылады.

177. Мемлекеттік меншікпен байланысты мүліктік сипаттағы барлық мәмілелер туралы есеп осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады және және мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) мәміленің түрі (қосымша жалдау, кепіл, жақсартулар жүргізу, иеліктен шығару);

2) мәміле деректемелері (шарттың нөмірі мен күні, мәмілені орындау мерзімі, мәміле тараптары, мәміледе көзделген төлемдерді төлеу шарттары немесе енгізу тәртібі);

3) мәміле нысанасы болып табылатын мемлекеттік мүлікпен сипаттамасы мен құны.

178. Жекеше әріптес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, есепті электронды түрде қалыптастырады, оған ұлттық куәландырушы орталық берген электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды және оны бағдарламалық қамтамасыз етудегі есепті жіберуге және тізілімнің құрылымына енгізуге арналған сервисті пайдалана отырып, мемлекеттік мүлік тізілімі арқылы республикалық мүлікке қатысты – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға немесе коммуналдық мүлікке қатысты – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органына жібереді.

Бағдарламалық қамтамасыз ету бағдарламалардың, бағдарламалық қодтардың, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдердің жиынтығын білдіреді.

Арнаулы мемлекеттік органдардың жедел басқаруындағы мүлікті және мемлекеттік материалдық резервті қоспағанда, мемлекеттік мүлікті есепке алудың бірыңғай ақпараттық автоматтандырылған жүйесі мемлекеттік мүлік тізілімін білдіреді.

179. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган МЖӨ-ға берілген мемлекеттік мүлікті нысаналы пайдалану жөніндегі ақпаратты жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 30 қаңтарына дейінгі мерзімде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға ұсынады.

180. МЖӨ жобаларының іске асырылуын мониторингілеуді тиісті саланың уәкілетті органы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары МЖӨ шарты күшіне енген сәттен бастап жыл сайын жүргізеді.

Жергілікті МЖӨ жобаларының іске асырылуын мониторингілеу шеңберінде мемлекеттік әріптестер жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 15 маусымынан кешіктірмей, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес толтырылған нысанды одан әрі МЖӨ дамыту орталығына жолдау үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

181. МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӨ дамыту орталығын тартады.

182. Тиісті саланың уәкілетті органының бірінші басшысының орынбасарынан төмен емес, жергілікті деңгейде – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың әкімі орынбасарынан төмен емес тұлға қол қойған МЖӨ жобаларының іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі ақпаратты осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізу үшін тиісті саланың уәкілетті органы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей, МЖӨ дамыту орталығына енгізеді.

183. МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізуге арналған ақпарат МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізілетін жылдың алдындағы жылдың 31 желтоқсанына дейін шарттары жасалған МЖӨ жобалары бойынша ұсынылады.

МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізу үшін мониторинг бойынша ақпаратқа мыналар қоса тіркеледі:

қазынашылық органдарында тіркелгені туралы белгі қойылған МЖӨ шартының көшірмесі және оған қосымша келісімдер (болған жағдайда);

бекітілген конкурстық құжаттаманың көшірмесі не қаржы-экономикалық модельді, конкурстық құжаттама бойынша экономикалық қорытындылардың көшірмелерін қоса бере отырып, МЖӨ жобасының бекітілген конкурстық құжаттамасы.

184. МЖӨ-ні дамыту орталығы ұсыну мерзімі көрсетілген тиісті хабарлама жіберу арқылы бағалау жүргізу үшін қажетті жетіспейтін және (немесе) қосымша ақпаратты өз бетінше сұратады және алады.

Егер МЖӨ жобаларының іске асырылуына бағалау жүргізуге арналған ақпарат белгіленген мерзімде ұсынылмаса, МЖӨ-ні дамыту орталығы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға тиісті хабарлама жолдайды.

Хабарламада тиісті саланың уәкілетті органының, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органының Қағидалардың осы тармағының талаптарын орындамағаны туралы, сондай-ақ осы орындамауды Үкіметке енгізуге арналған жиынтық есепте көрсету туралы ұсыным көрсетіледі.

185. Жобалық басқару стандарттары қолданылған осы мониторингілеу деректері негізінде МЖӨ шартына сәйкес жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді талдау процесі МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау болып табылады.

186. МЖӨ жобаларын басқару сапасын жақсарту бойынша ұсынымдарды қамтитын есеп МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау нәтижесі болып табылады.

МЖӨ-ні дамыту орталығы МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау шеңберінде талдау жүргізеді, оның қорытындысы бойынша МЖӨ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдары бар талдамалық есеп дайындайды.

МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау есебінің құрылымы мыналардан тұрады:

қорытындылары мен ұсынымдары бар МЖӨ жобаларын бағалау жөніндегі жиынтық ақпарат;

есептің негізгі бөлігі;

салыстыма кестені қоса бере отырып (қажет болған жағдайда) МЖӨ саласындағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсынымдар .

Есепке МЖӨ жобасының атауы, құны, мақсаты, іске асырылу мерзімі, мемлекеттік және жекеше әріптестің атауы, сондай-ақ МЖӨ жобасының ағымдағы мәртебесі қамтылған өрбір МЖӨ жобасы жөніндегі қысқаша ақпарат қоса беріледі.

Ерекше маңызы бар МЖӨ жобалары бойынша, қажет болған жағдайда, осындай жобалардың іске асырылуына жеке бағалау жүргізіледі.

187. МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау нәтижелерін МЖӨ-ні дамыту орталығы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді.

188. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӨ дамыту орталығының есебі деректерді Тізілімге енгізу үшін мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға түскен сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей, МЖӨ жобаларының іске асырылуын бағалау нәтижелерін коммуналдық меншікке жататын МЖӨ объектілері бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына, мемлекеттік әріптеске және жекеше әріптеске жолдайды.

Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларына 1-қосымша

Нысан

МЖӨ* жобалары бойынша ақпарат
(ЖАО/ОМО)**
_____ жағдай бойынша (ақпаратты берудің есепті күні көрсетіледі)

| р/с№ | МЖӨ жобасының атауы | МЖӨ жобасының экономика саласы (аясы) | Жоба құны мың тг | МЖӨ жобасының деңгейі | Жекеше әріптесті айқындау тәсілі | Мемлекеттік әріптестің қатысу нысандары, мемлекеттік қолдау шаралары, шығындарды өтеу және кірістерді алу кездері | Жобаны